

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті
«Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық
ғылыми-практикалық орталығы» КЕАҚ

**«Оқытушылардың кәсіби дағдыларын дамытуға
және жасанды интеллектіні интеграциялауға
бағытталған қазақ тілін оқытудың
заманауи әдіс-тәсілдері»
республикалық онлайн семинарының жинағы**

Астана, 2024

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырысы бойынша
«Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға
арналған тұжырымдамасының» аясында шығарылды

Құрастырушылар: Ж.Искакова, Ж.Ербатырова, М.Ермахан

Республикалық онлайн семинарлар жинағы. Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. – Астана, 2024. - 62 б.

Республикалық онлайн семинарлар жинағында Тілді үйрену мен үйрету барысында жасанды интеллектіні тиімді пайдаланудың негізгі жолдарымен қатар қазақ тіліне бейімделген мобильді қосымшаларды, бірнеше онлайн платформаларды, әртүрлі интернет ресурстарды пайдаланудың тиімді тәсілдері беріледі. Жинақ мектепке дейінгі, орта, жоғары білім беру мекемелері, тілдерді оқыту орталықтарының әдіскерлері, оқытушылары мен ізденушілеріне арналған.

© Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық
орталығы, 2024

АЛҒЫ СӨЗ

«Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» қазақ тілін оқыту әдістемесінде көрсетілген мәселелер негізінде тіл орталықтары мамандары мен тіл үйретушілердің біліктілігін арттыру, қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру жолында әлемдік тіл үйрету тәжірибесімен бөлісу бүгінде өзекті.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысы бойынша шетелде тәжірибеден өткен отандық ғалымдар мен білікті әдіскер мамандардың қатысуымен арнайы курс ұйымдастырылып, нәтижесінде онлайн курстың материалдары негізінде жинақ әзірленді.

XXI ғасырда біздің еліміз ғаламдану және жаһандану процесіне көшуде. Осы процесті жандандырып дамытуда тіл үйренушілердің коммуникативтік құзыреттіліктерін, білімі мен біліктілігін арттыру орасан зор рөл атқарады. Жаңа заман талабына, сұранысқа сай жаңашыл оқытушылар мен әдіскерлерге сапалы және инновациялық технологияларды меңгерту, мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін жаңарту, IT технологияларға бейімдеу тұрақты күн тәртібіне енді. Білім сапасын көтеруде инновациялық технологияларды соның ішінде жасанды интеллектіні дұрыс және сауатты қолдану жылдан жылға қалыпты үрдіске айналып келеді. Аталған жинақта ғалымдар қазақ тілін оқытуды ұйымдастыруда озық, инновациялық әдіс-тәсілдерді және ақпараттық технологияларды қолдану, тыңдаушылардың арасында ынтымақтастық ахуалды қалыптастыру, тілге деген құштарлықтары мен қызығушылықтарын арттыру, көңіл-күйлерін жақсарту оң әсер беретіндігін мысалдармен көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Тілді үйрену мен үйрету барысында жасанды интеллектіні тиімді пайдаланудың негізгі жолдарымен қатар қазақ тіліне бейімделген мобильді қосымшаларды, бірнеше онлайн платформаларды, әртүрлі интернет ресурстарды пайдалану жиынтығы берілді. Түптеп келгенде, жасанды интеллект қолдану цифрлық сауаттылық ұғымының аясы кеңейтіп, компьютерлік, ақпараттық, медиа, коммуникативтік, тілдік, визуалдық сауаттылыққа жетелейді.

Сондай-ақ, әзірленген жинақ оқытушы-әдіскерлерге сабақ үдерісін қызықты әрі мазмұнды етіп ұйымдастыруға көмекші құрал ретінде пайдалануға ұсынылады.

I ТІЛ ҮЙРЕТУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

ТІЛ ҮЙРЕТУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Б.М.Айтбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Қазіргі таңда барлығымызды ойландыратын мәселелердің бірі – жасанды интеллект. «Жасанды интеллект» деген ұғым ең алғашқы рет 1956 жылы АҚШ-тың Дартмут колледжінде өткен ғылыми конференцияда енгізілді. Массачусетс технологиялық институтының профессоры Уинстон жасанды интеллект адамдардың барлық интеллектуалды жұмыстарын жасайтын мүмкіндігі бар дүние деп анықтама береді. Содан бастап бұл тақырып зерттеушілерді қызықтыра бастады. Жасанды интеллект білімнің әртүрлі салаларында қолданыла бастады, соның ішінде тіл үйретуде көбірек зерттеулер пайда бола бастады. Қазіргі таңда жасанды интеллекті өміріміздің барлық салаларында қарқынды дамып қолданылуда деуге болады. Сол бағыттардың бірі – білім беру. Соның ішінде, әсіресе тілдерді меңгерту, тілді меңгеру. Ғаламдану мен қарым-қатынас маңызды рөл атқаратын заманауи әлемде екінші тіл үйрену қажеттілігі күннен-күнге артып келеді. Бірақ, кейбір адамдарға бұл процесс айтарлықтай күш пен уақытты қажет етеді. Дегенмен, заманауи жасанды интеллект технологияларын пайдалану арқылы бұл процесті анағұрлым жеңілдетуге болады.

Тілді үйрену және үйрету кезінде жасанды интеллектіні тиімді пайдаланудың негізгі жолдарының бірі мобильді қосымшаларды немесе онлайн платформаларды, интернет ресурстарын пайдалану болып табылады.

Бүгінгі күні интернет мүмкіндіктері шексіз деп айтуға болады. Интернетсіз өмірімізді елестету мүмкін емес. Өйткені сандық қоғам, сандық орта қалыптасып, біз цифрлық әлемде өмір сүріп жатырмыз. Жаһандық әлемде сандық технологиялар, әр түрлі гаджеттер, сандық медиа, мобильді қосымшалар және түрлі сандық құрылғылар біздің өміріміздің бір бөлігіне айналды. Бұл өмірімізді өзгертті және көптеген мүмкіндіктерге жол ашты. Дамыған мемлекеттер технологияларды адам игілігіне пайдалану мүмкіндіктерін мейлінше арттырып жатыр. «Осы мүмкіндіктерді тіл үйретуде қалай тиімді пайдалануға болады? Қазақ тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Тіл үйренушіні ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?» -деген сауалдар туындайды. Тіл үйренушіге тілді практикалық тұрғыдан меңгерту үшін қолайлы жағдай жасау, тиімді әдіс таңдау, яғни қызығушылығы мен шығармашылық белсенділігін арттыру оқытушының негізгі міндеті болып табылады. Интернет ресурстарын тілді оқытуда пайдалану үшін тіл үйренушінің қабілеті мен білім деңгейін есепке ала отырып таңдау қажет. Қазіргі таңда білім беруде интернет ресурстары өте жиі қолданылады. Интернет-ресурстарын пайдалану сабақтың дайындығы мен өткізілуін сапалы жаңа деңгейге көтереді, оқу процесін бүгінгі күннің

шынайылығына сай қызықты етеді, тіл үйреушілердің ақпараттық мәдениетін арттырады. Интернет ресурстары арқылы тапсырма жасамас бұрын, сіз өз мақсаттарыңызды негіздеп алуыңыз керек. Осыған байланысты төмендегідей сауалдар туындайды:

Интернет ресурстарын не мақсатта қолданамын?

Неліктен қарапайым көрнекілік құралдар емес?

Интернет тапсырмаларын дайындау үшін ең әуелі, дайындық керек, екіншіден интернет ресурстарына талдау жасау керек.

Әрине интернет платформалары өте көп. Солардың ішінен қазақ тілін оқытуда қандай интернет платформаларын пайдалануға болады? Лола Мей айтқандай: «Сіз сабақ бергенде үш нәрсені білуіңіз керек: сіздің пәніңіз, оны кімге үйретесіз және материалды қалай талғампаздықпен тандап пайдаланасыз». Оқытушы тіл үйретуге үлкен жауапкершілікпен, шығармашылықпен келу керек деп ойлаймын. Үнемі өзіне: «Менің мақсатым қандай? Кімді үйретемін? Қалай үйретемін?»-, деген сұрақтарды қою керек. Ең бастысы сабақ қазақша қарым-қатынас жасауға және ұсынылған материал сөйлеуге, сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Осы мақсатта сабағымызда төмендегідей интернет платформаларын пайдалануға болады:

- 1) <https://classroomscreen.com> - сергіту, қызықтыру;
- 2) <https://padlet.com> - жазылым, оқылым, сөйлесім әрекеттері;
- 3) <https://wordart.com> - жазылым әрекеті;
- 4) <https://www.thinglink.com> - оқылым, тыңдалым әрекеттері;
- 5) <https://quizizz.com> - тест тапсырмалары;
- 6) www.goanimate.com - тыңдалым, оқылым әрекеттері;
- 7) <https://sites.google.com/> - оқылым, тыңдалым әрекеттері;
- 8) <https://getkahoot.com> - бақылау тапсырмалары;
- 9) <https://app.pixton.com> - оқылым, жазылым, сөйлесім әрекеттері;
- 10) <https://vocaroo.com> - тыңдалым әрекеті;
- 11) <https://learningapps.org> - оқылым, жазылым, тыңдалым әрекеттері;
- 12) <https://www.lessonup.com/app/explorer/lessons> - оқылым, жазылым, тыңдалым әрекеттері.



Ғаламторда платформалар өте көп. Мен тіл үйретуде қолдануға болады деген ресурстардың жиынтығын жасап көрдім. Енді әр интернет ресурсына талдау жасап көрейін.

GoAnimate - жеке анимацияны тегін жасауға мүмкіндік беретін жоба. Қазіргі ұқсас жобалардан айырмашылығы, бірнеше анимациялық операцияларға кең көлемде мүмкіндік береді. Яғни жоба кез келген презентацияны толық мультипликациялық фильмге айналдырады.

Жобаны әзірлеушілер пайдаланушыларға анимациялық клиптер жасау үшін қолдана алатын, дайын жиынтық ұсынады. Сонымен қатар артқы фонды (саябақ, офис, университет, асхана, т.б) таңдауға не өзінің қалағаныңыздай жасауға болатын мүмкіндік береді.

Берілетін композицияның әрбір элементінің стандартты баптаулары (түс, өлшем, анимация) бар.

Goanimate арқылы ролик жасау үшін жеке кабинет керек. Ол жеке логин, пошта адресі мен құпиясөзді көрсетуден ғана тұрады. Яғни бірінші тіркелесіз. Таңдауға бірнеше тариф беріледі, бірақ сервиспен танысып қарапайым роликтер мен анимациялар жасауға ақысыз трафикті таңдауға болады.

GoAnimate бағдарламасының екі бейнежазба редакторы бар:

1. Quick Video Maker
2. Full Video Maker

Сервистің негізгі ерекшелігі кейіпкерге қимыл – қозғалыстың үлкен топтамасы арқылы шынайы келбет беру мүмкіндігі. Кейіпкер билейді, ас дайындайды, көздерін жыпылықтады, т.б, тіпті кез – келген мәтінді дыбыстайды. Музыканы, тіпті өз дауысыңызды анимациялық клипке қоса аласыз.

Бағдарламаның тиімді жақтары:

- пайдаланудағы қарапайымдылық;
- MP4 форматтағы жасалған кез келген көлемдегі фильмді экспорттау;
- кейіпкерлерді редакциялауға болады;
- тақырыптардың алуан түрлілік;
- аудио: оқытушы, студенттер өз дауыстарын жаза алады;
- кері байланыс: студенттер бір-бірлерінің анимацияларына баға қою мүмкіндіктері бар;
- ақпаратты визуалды қабылдау;
- қызығушылық: тапсырмаларды ойын немесе жарыс түрінде ұйымдастыруға болады.

Ең басты және маңыздысы – барлық жасаған анимациялық клиптерді әлеуметтік желіде, сайттарда еш қиындықсыз орналастыруға болады. Аталмыш бағдарламаны қолдану білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Goanimate ақпараттық - коммуникациялық технология ретінде тек оқытушының кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беріп қоймай, сонымен бірге студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға да септігін тигізеді.

Бағдарламаны сабақта қолдану:

- Студенттердің назарын аударады;
- Өткен тақырыпты қаншалықты түсінгендерін көрсетеді;
- Шығармашылықты дамытады;
- Игерген білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қолдана алуға мүмкіндік береді;
- Коммуникативтік дағдыларын дамытады;
- Қызығушылықтарын арттырады.

ThingLink – бұл қарапайым суретті интерактивті объектіге айналдыратын сервис.

Оның тиімділігі:

- Бір фотода әр түрлі белгілерді, яғни бейне, мәтін, сурет және т.б. қосу арқылы бірнеше ақпарат беру. Бірақ ескеретін жайт, таңбалардың мөлшерден тыс көп болмауы керек.
- Интерактивті контент. Таңбаларды басу арқылы жаңа ақпаратты оқуға және көруге болады.
- Кез келген уақытта интерактивті суретті жаңартып отыруға және белгілерді қосып отыруға болады. Сондықтан өзектілігін жоғалтпайтын контент.

Интерактивті суретпен жұмыс кезінде ескерілетін жайттар:

- Таңдап алынған сурет анық, қызықты болуы керек.
- Суретте әр түрлі бөлшектер көп болуы, бірақ шамадан тыс болмауын қадағалау керек.
- Белгілерге әр түрлі форматты контент, яғни аудио, мәтін, бейне қолдану керек.
- Әр контентке түрлі белгілерді таңдау керек. Мысалы: микрофон, кітап.
- Ақпараттар қызықты болуы керек.

Бұл платформаны сабақтың қай кезеңінде қолдануға болады?

- Жаңа сөздерді бекіткенде;
- Әр түрлі мамандықтар туралы айтқанда және т.б.;
- Жаңа материалды түсіндіру кезінде;
- Өздік жұмысында (мысалы: виртуалды саяхат).

Google Sites - бұл өте қарапайым сайт. Google Sites сервисі веб - дизайннан хабары жоқ адамның өзіне тез арада өз сайт жасауға мүмкіндік береді. **Google Sites** басқаларына қарағанда кез келген ақпараты сақтауға, өңдеуге мүмкіндік береді. Мысалы: Кестелер, мәтіндік дерекқор, суреттер, презентациялар, Youtubтан және Google Видеодан бейнелер және т.б.

Неге **Google Sites** пайдалану керек, себебі: дайын үлгілердің алуан түрлілігі, контентті ұйымдастыру мүмкіндігі, формат таңдау және т.б..

Тағы бір мүмкіндік – бұл Google Siteste **Web-Quest** ойынын ұйымдастыруға болады. **Web-Quest** – ағылшын тілінен аударғанда интернет арқылы іздеу деген мағынаны білдіреді. Web-Quest – білім беруде интернет ресурстарын пайдалану үлгісі, білім алушының танымдық, зерттеушілік әрекетін дамытуға бағытталған ақпараттың негізгі бөлігі, интернет-ресурстары арқылы алынатын сабақ форматы.

Web-Quest төмендегідей міндеттерді шешуге бағытталады:

1. Пән бойынша, модуль немесе курс тақырыбына сай базалық білімдерді меңгертуге;
2. Білім деңгейін жүйелеуге;
3. Өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыруға;
4. Тұтас білім алу мүмкіндігін жасауға;
5. Өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау барысында студенттерге оқу-әдістемелік көмек көрсетуге.

Оқытушы төмендегідей мүмкіндіктерге ие болады:

- ✓ Квесті бірнеше рет пайдалану;
- ✓ Бір мезетте деңгейлері әр түрлі студенттерге қолдану;
- ✓ Студенттермен жеке және шығармашылық сипатта жұмыс жасау.

Квест орындау барысында студенттер жұмысты өзіне тиімді бағытта орындауға, материалды қайталауға, психологиялық сипаттағы кедергілерді жоюға, білік пен дағдыны шыңдауға қол жеткізеді. Веб-квест бұл жай ғана жүйеден ақпарат іздеу емес, студенттер тапсырманы орындау барысында ақпаратты жинауға, талдау жасауға, жүйелеуге және өз көзқарастары тұрғысынан қорытынды жасауға машықтанады.



Learning Apps – тапсырма құрастырудың бірнеше жолын ұсынатын, оқытуда түрлі интерактивті модульдерді қамтитын компьютерлік бағдарлама. Ерекшеліктері:

- ✓ модульдерді жылдам құру және өзгерту;
- ✓ тапсырмалар базасын жинақтап, қолжетімді ету;
- ✓ дайын тапсырмалар топтамысының болуы;
- ✓ тапсырманы бірнеше рет орындау;
- ✓ интерактивті тапсырмалардың санат бойынша топтастырылуы;
- ✓ тапсырма жасау үшін дайын шаблондардың болуы.

Мүмкіндіктер:

- тіл үйренуші алған білімін жүйелейді;
- тапсырманы бірнеше рет орындау арқылы нәтижеге жетеді;
- тіл үйренушінің тіл үйренуге қызығушылығын арттырады;
- тіл үйренуге деген уәждеме пайда болады;

- тіл үйренуші өзінің білімін тексере алады.

Kahoot — тегін, білімді тексерудің ыңғайлы қызықты ресурсы, ойынға негізделген онлайн оқыту платформасы. Бұл платформа 2013 жылдың тамызында Норвегияда іске қосылды. Kahoot платформасы Mobitroll мен Норвегияның Технология және Ғылым университетімен бірлескен жоба ретінде Йохан Бренд, Джейми Брукер, Филлип Морган и Мортен Версик секілді ғалымдар тарапынан жасап шығарылған. Kahoot платформасы бес негізгі және бір көмекші сайт негізінде жұмыс жасайды. Kahootты әр түрлі веб-браузерлер мен мобильді құрылғылар арқылы веб-интерфейс арқылы ойнатуға болады. Kahoot студенттердің білімдерін талдау, форматты бағалау үшін немесе дәстүрлі сабақтардан тыс уақытта қолданылуы мүмкін. Kahoot платформасы қарапайым ойындардан тұрады. Kahoot тапсырмаларын құрастыруда фотосуреттерді, тіпті бейнеклиптерді де қосуға болады.

Kahootқа шексіз көлемде сұрақ енгізуге болады. Викториналар мен тест орындауда студенттердің қарқынын, жұмыс жасау белсенділігін анықтау үшін әрбір тапсырмаға арнап жұмыс жасау уақытын енгізуге болады.

Бұл бағдарламаны пайдаланудың екі тиімді жағы бар: біріншіден оқытушы мен студенттер арасында тығыз байланыс орнайды, екіншіден студенттердің жаңа мәліметтер мен тақырыпты толық ашуға қызығушылығы оянады. Kahoot қосымшасы оқу жылындағы барлық материалдарды толық қамтып, білімді меңгертуге арналған тест сұрақтарын құруға мүмкіндік береді. Жаңа материалды тереңдете түсу үшін де Kahoot қосымшасын кең көлемде қолдануға болады. Бұл сервис студенттің сұраққа қалай жауап беріп отырғанын, сондай ақ барлық ұжымының үлгерім диаграммасын, әр студентке өз нәтижесін арнайы кестеден бақылауына мүмкіндік береді. Студенттер өз нәтижелерін бақылап қорытынды жасау мүмкіндігіне ие болады. Тілдерді оқытуға көмектесетін көптеген қолданбалар мен онлайн ресурстармен жұмыс істеу маңызды. Интерактивті сабақтарды көру, тілдік ойындар мен аудио және бейнематериалдарды пайдалану керек. Оқу үдерісін қызықты әрі тиімді ету үшін күнделікті жұмыста осы технологиялардың болғаны дұрыс. Бұлар тіл үйрену барысында жұмысты біраз жеңілдететіні анық.

Lessonup - өте ерекше платформалардың бірі. Бұл платформаның интерфейсі өте қарапайым. LessonUp платформасын пайдалану оңай, барлығы бір жерде. Интерактивті сабақтарды жиынтығын жасауға болады. Өзінің дайын сабақтар қорын да пайдалануға болады және бар материалыңызды импорттай аласыз. Lesson Up арқылы өзіңіздің онлайн курсыңызды дайындауға болады.

Flippity - бұл Google кестелеріне негізделген оқыту үшін әртүрлі интерактивті тапсырмаларды жасауға болатын онлайн қызмет. Функционалдығы бойынша Flippity LearningApps, Quizziz, Classtools сияқты танымал қызметтерге ұқсас. Flippity интерактивті жұмыстарының ең танымал түрлері: Мәтінді енгізу жаттығуы; Емлені тексеру; Кроссворд; Турнир

кестесі; Уақыт шкаласы; Сөздерді іздеу; Бинго. Әр тапсырма үшін құру нұсқаулары, сондай-ақ шаблон мен демо нұсқасы бар. Flippity интерактивті тапсырмалар, ойындар, тесттер құру үшін өте қарапайым және ыңғайлы құрал болып табылады, бұл сабаққа дайындалу кезінде уақытты үнемдейді.



Тіл үйрету тіл үйренушіні жалықтыратын дүниеге айналмауы қажет. Лингвист Крис Лонсдейл былай дейді: «Тіл — шығармашылық процесс». Яғни, тіл үйретуде оқытушының қиялы шексіз болуы қажет. Тіл үйренуші сабақта оқытушыдан әртүрлі әдіс-тәсілдерді, интернет мүмкіндіктерін қолдануды талап етеді. Сол үшін аздан бастап, біртіндеп күрделендіре беру керек. Тіл үйренушіні тілдің ортаға енгізу. Қазақ тілімен жан-жақты қоршай бастаған абзал. Мәселен, қазақ тілінде фильм көрсету, музыка тыңдату, оқитын кітап пен мақалалардың барлығы қазақ тілінде болуы шарт. Бұл іс-әрекеттер арқылы қазақ тілді бойға сіңірту оңай болады. Аудиокітаптар мен подкасттарды тыңдату. Подкаст – ұзынды-қысқалы серияларға біріктірілген, жүктеп алуға және онлайн тыңдауға болатын аудио жазбалар. Әдеттегі радиодан ерекшелігі – қай жанрды қай уақытта тыңдайтынын адам өзі шешеді. Осылайша тыңдалым дағдыларын дамытудың жаңаша әдісін ұсынатын подкаст қызметі қазақ тілі сабақтарында оңтайлы нәтиже берері сөзсіз. Подкаст серверінің танымал түрі – **YouTube**. **YouTube**тегі материалдарды да сабақта пайдалануға болады. Есин Иллери өзінің «Түрік тілі шет тілі ретінде» атты еңбегінде дара тұлғалар тілді қызмет орнында және бос уақытарында басқалармен қарым-қатынас жасау үшін меңгеретіндігін айта келе, шет тілдерді үйрету әдістерінің тарихына шолу жасап, коммуникативті-прагматикалық әдіске төмендегідей сипаттама береді. Шет тілі — қарым-қатынас, яғни коммуникация, құралы. Ал коммуникация сөйлеуші мен тыңдаушы, олардың коммуникациядағы өзіндік рөлі мен бір-біріне деген қарым-қатынасы, сондай-ақ берілген жағдаят, ой-ниетті сөйлеу

актісі сынды компоненттерден тұрады. Сонымен қатар тілді үйрету барысында оқу материалы емес, тіл үйрену үрдісі мен сол үрдістің субъектісі болып тұрған үйренуші маңызды орын алады. Автордың айтуы бойынша, шет тілі сабағының мақсаты – коммуникативті дағдылар мен шеберлікті, сондай-ақ тыңдап-түсіну мен сөйлеу дағдыларын дамыту. Яғни, тіл үйренушінің тыңдап-түсіну дағдысын қалыптастыру мақсатында фильм, мультфильм ең маңызды құралдардың бірі болып саналады. **YouTube**тегі мультфильм мен фильмдерді, караокені, бейнелерді сабақта пайдалануға болады.

Мультфильм мен фильмдер арқылы студенттердің сөйлесім, тыңдалым, жазылым, оқылым, айтылым дағдыларын дамытуға болады.

Фильмдер мен мультфильмдерді сабақта пайдалану тіл үйренушілердің ойлау қабілеттерін ғана дамытып қоймайды, сонымен қатар, мұғалімге оқытудың бірнеше мақсатын іске асыруға көмектеседі. Тіл үйренушілер елдің өмірі, салты, дәстүрі туралы көрнекі мағлұмат алады және осы арқылы елдің тілін түсініп, үйренуге деген талпыныс құштарлықтары арта түседі. Видеофильмдер, киноүзінділер, клиптер оқу үдерісін жетілдіріп, оған барынша коммуникативті бағыт береді. Олар сабақта қосымша тілдік орта құрып, тілдік сөйлеу жағдаяттарын дыбыстық және көру арқылы іске асыратын көрнекілігі жоғары материалдар болып табылады[2,188]. Фильм мен мультфильмді таңдау белгілі бір ұстаныммен жүргізілуі керек. Сабақта фильмді пайдалануда міндетті түрде мынадай жағдайларды ескеруі керек:

- тіл үйренушілердің қызығушылықтары;
- лингвоелтанымдық мәліметтердің құндылығы;
- материалдың заманауилығы мен көкейтестілігі;
- фильмнің елтанымдық және тәрбиелік маңыздылығы;
- тіл үйренушінің көңіл-күйіне әсер ету деңгейі;
- бағдарламаға сай әдістемелік бірізділігі мен жүйелілігі.

Сабақта қолданылатын видео өнімдердің ішіндегі ең тиімдісі және тартымдысы аутентті көркем фильмдер болып табылады. Мұнда тіл үйренушінің білімін тереңдету, оның елтанымдық білімі мен тыңдау, сөйлеу, жазу, оқу дағдыларын жетілдіруге мән беріледі. Осы мақсатқа жауап беретін, тілдік талаптарға және қазіргі тіл үйренушілердің сұранысы мен тілегіне сай келетін көркем фильмдерді таңдау оқытушының оң нәтижеге жететін әдістемелік шешімі болып табылады. Көркем фильмді таңдағанда оның аутенттігі де ескерілуі керек. Онда кино кейіпкерлерінің сөйлеу тілі стандартты тіл болып, фильмнің тақырыбы тыңдаушыларға қызықты болуы тиіс. Оқытушы фильммен жұмыс барысында алдын-ала жаңа сөздермен жұмыс жүргізеді. Бұл тіл үйренушілердің фильм мазмұнын түсінулерін жеңілдетеді. Фильмді көруге даярлық барысында фильмнің ең қызық деген тұстарымен жұмыс жүргізілуі тиіс. Сабақ мақсатына сай, басқа тілдің реалийлеріне түсініктеме беріп, басқа мәдениет пен ділдік айырмашылықтарға шолу жасауы мұғалімнің тыңдаушылармен дұрыс әдіс-

темелік байланыс орнатуының басты әдісі. Бұл жаттығулар жүйесі барлық әдістемелік жұмыстарда: фильмді көрер алдындағы, фильмді көріп отырған кезде орындалатын тапсырмалар және фильмді көріп болғаннан кейін студенттердің орындайтын жұмыстары деп аталып жүр[3,2;4].

Фильмді көрер алдындағы тапсырмалар ретінде мынадай жұмыстарды атауға болады:

- Фильм тақырыбы бойынша алдын-ала түсіндіріп, мағлұмат беру;
- Кезеңдердің маңыздылығын түсіндіру;
- Фильмді бір рет дауыссыз көріп шығу;
- Жаңа сөздердің аудармасы мен қолдану жолдарын түсіндіру, мысалдар келтіру.

Фильм мен мультфильмдегі жаңа сөздерді визуалды және ым-ишара, яғни сөздердің мағынасын түсіндіруде дененің қозғалысын қолданып, белгілі бір жағдаятты ұсыну арқылы түсіндіру қажет.

Фильмді көріп отырған кезде орындалатын тапсырмаларға мына жұмыстарды атауға болады:

-Тілдік мәліметті іздестіру, фильмнен үзінді көрсетіп, керекті сөздер, сөз тіркесі не фразаларды аударып, баламасын табу;

-сөйлемдегі бос орынды көріп отырған фильмнен алып жаңа сөздермен толтыру;

-етістіктерді дұрыс грамматикалық формасында беру;

-оқушының дұрыс сөйлеу қабілетін қалыптастыру үшін монологтық, диалогтық сөйлеуге арналған фильмнен үзінділермен жұмыс жасау. Жаңа сөздерді бекіту жұмыстары жүргізілген кейін, төмендегідей тапсырмалар орындалады:

- суреттерді мәтін мазмұнына сай қалпына келтіру;
- мәтінді рет-ретімен орналастыру;
- мәтін бойынша коллаж жасау;
- мәтін мазмұнына сәйкес «шын» немесе «жалған» пікірді анықтау;
- FLA кестесін толтыру; «Қар кесегі», «Бинго», «Жасырын сөз» тәрізді ойындар тиімді болады.

Ал, «Дыбыссыз фильм», «Дубляж», «Үш ақпарат», «Ыстық орындық», «Жалғасын тап» сияқты ойын түрлері сөйлемді дұрыс құрастырып, ойын нақты жеткізе білуге жетелейді.

Фильмді көріп болғаннан кейін студенттің орындайтын тапсырмалары оқушының фильмнен туған танымдық ойын дамытуға, шығармашылықпен жұмыс істеуіне әсер етеді.

Тілдерді үйренуге арналған интернет-ресурстардың саны өте көп және ол үнемі өсіп келеді. Тіл үйретуде әлеуметтік желілерді де тиімді пайдалануға болады. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер біздің барлығымыздың өміріміздің бір бөлігіне айналғаны сөзсіз. Әлемдегі ең танымал әлеуметтік желілер қатарына Facebook (Facebook.com) және Twitter (Twitter.com) және Instagram (Instagram.com), Tik Tok (tiktok.com). Тіл үйренушілерге қазақ тілінде бір тақырыпта блог жүргізу тапсырмасын беруге болады немесе қазақ тіліндегі

постарға пікір жазғызу сияқты әр түрлі тапсырмалар беруге болады. Әлеуметтік желілердегі чаттар сияқты форумдарда тақырыптар бойынша пікір алмасуға болады. Қазақ тілін үйретуде тілдік әлеуметтік медианы қолдану оқу процесін әртараптандыруға, оны қызықты етуге көмектеседі. Осылайша, әлеуметтік желілерді де қазақ тілін оқытудың тиімді әдістерін бірі ретінде қарастыруға болады.

Қорыта келе, интернетте әр түрлі ресурстардың, платформалардың көп екенін байқадық. Яғни, тіл үйретуде интернет мүмкіндіктерін тиімді пайдалану қажет. Өзіне оңтайлы платформаны, ресурсты таңдау оқытушының өзіне байланысты. Ең бастысы, оқытушы тіл үйренуге көмектесетін онлайн ресурстарды шектемеу керек. Яғни, онлайн платформалар тілді үйрету аясын кеңейтеді, бұл бүгінгі күннің талабы деп айтсақ та болады. Тіл үйретуде оларды пайдалану оқыту үрдісін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға көмектеседі. Бұл ресурстарды сабақтың әр кезеңінде пайдалануға болады: жаңа тақырыпты түсіндіру, бекіту, қорытындылау және тексеру. Онлайн-платформалар – барлық жастағы тіл үйренушілерді оқытуға арналған курстардың жиынтығы, сонымен қатар жаңа заман оқытушысына арналған көмекші құрал деп айтуға болады. Жалпы алғанда олайн-платформалардың артықшылықтары ретінде оның оқытатын, жаттықтыратын және студенттердің немесе тіл үйренушілердің өзін-өзі қадағалауға мүмкіндік беретін функцияларын атауға болады. Осындай онлайн ресурстар мен платформалар қазақ тілі сабағының мазмұны мен оқытылу әдістемесін айтарлықтай жетілдіріп, дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан сабақты бір сарынды өткізбей, түрлендіріп, тартымды өткізу, оқулықпен шектеліп қоймай, онлайн білім беру ресурстарының қосымша материалдарын да пайдалану әр оқытушының шеберлігіне байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері / Н.Ж. Құрман. – Алматы, Сөздік, 2008. — 160 бет.
2. Айтбаева Б.М. Технология применения инноватики при работе с учебным текстом / Б.М Айтбаева // Научный журнал «Chronos: мультидисциплинарные науки». — 2021г. —Том 6 Выпуск 1(51). —С.53-57.
3. BANI or VUCA: Wich is Your Vision of Reality? / [Электрондық ресурс] — Қол жеткізу режимі: <https://netmind.net/en/bani-or-vuca>
4. Курманова Б.Ж. Жоғары мектепте қазақ тілін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдаланудың ғылыми-әдістемелік негіздері / Б.Ж. Курманова. – Ақтөбе, 2009. – 428 бет.
5. Налбадян А. А. Методические основы использования ресурсов Интернета при обучении чтению на уроке РКИ: Дисс. ... канд. пед. наук. М., 2004.
6. Клейман Г.Б., Леонов А. Г., Кузьменко М.А. Что Такое Интернет? Информационные и коммуникационные технологии в образовании. 1998.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ

А.Т.Хасенова

НЗМ ДББҰ филиалы «Білім беру бағдарламалары» орталығы, «Лингвистикалық бағыттағы пәндер» бөлімінің аға менеджері

Қазақстандағы білім беру жүйесінде цифрлы технологияларды қолдану 2020 жылғы пандемия әсерінен жаңа бағытқа ие болды. Бұған дейінгі білім беру үдерісінде АКТ құралдарын қолдану көбіне интербелсенді тақтадан презентация көрсету, видео, аудиожазбаларды ұсыну шеңберінде жүзеге асып келген еді. Әлемдік зерттеулерге сүйенсек, цифрлық технологияларды білім беру үдерісіне интеграциялау тек қана онлайн білімге деген мұқтаждықтан, сабақты қызықты форматта өткізуге қажетті құрал ретінде ғана емес, медиа кеңістіктегі оқушының сауаттылығын арттыру, оқушы бойында цифрлық құзыреттіліктерді сіңірумен де байланыстырады [1,68]. Соңғы екі жылдың өзінде сабақ үдерісінде цифрлық құралдарды қолдану тіпті жаңа бағытқа ие болды. Бұл – жасанды интеллект.

Осы орайда «цифрлық сауаттылық», «цифрлық құзыреттілік», «жасанды интеллект» деген ұғымдардың аражігін ашып алған дұрыс болар.

«Цифрлық сауаттылық», «цифрлық құзыреттілік» қазіргі таңда кең қолданысқа ие. "Цифрлық сауаттылық" ұғымының анықтамасын ең алғаш 1997 жылы П.Гилстер берген. Ол "Компьютер арқылы көптеген ақпарат көздерінен түрлі форматта берілген ақпаратты түсіну және пайдалану мүмкіндігі" деп түсіндіреді. [2, 5] Токарева В.С., Ребко О.В өз еңбектерінде цифрлық сауаттылық ұғымын коммуникативті дағдыларды дамытумен байланыстырады. Ғаламтор желісі қарым-қатынас құралы, әлеуметтік желілерде, форумдарда, блогтарда пікір қалдыру мүмкіндіктері – бұның бәрі коммуникацияны жүзеге асыру үшін қажет. Сондықтан цифрлық сауаттылық ұғымын *ақпарат алу, ақпаратты тарата білу, қарым-қатынас құратын орта құрумен* байланыстырады. [3,167] Кузьмина М.В бұл пікірді қолдап: «Цифрлық сауаттылық – жаңа әлеуметтік форматтағы қарым-қатынас құру қабілетті, қарым-қатынас әдебін сақтау және қарым-қатынас кезінде мұқият бола білу» дегенді айтады. [4,8]

Компьютер арқылы көптеген ақпарат көздерінен түрлі форматта берілген ақпаратты түсіну және пайдалану мүмкіндігі. (П.Гилстер 1997 ж.)

Цифрлық сауаттылық ұғымын ақпарат алу, ақпаратты тарата білу, қарым-қатынас құратын орта құру. (Токарева В.С., Ребко О.В.)

Цифрлық сауаттылық – жана әлеуметтік форматтағы қарым-қатынас құру қабілетті, қарым-қатынас әдебін сақтау және қарым-қатынас кезінде мұқият бола білу. (Кузьмина М.В.)




Цифрлық сауаттылық

Түптеп келгенде, цифрлық сауаттылық ұғымының аясы кеңейіп, өз ішінде бірнеше сауаттылық түрін қамтиды:

- компьютерлік сауаттылық – компьютерді құрал ретінде пайдалану, әртүрлі техникалық операцияларды орындау, компьютердің құрылғысын, операциялық жүйелерін және бағдарламаларын түсіну;
- ақпараттық сауаттылық – цифрлық мазмұнмен жұмыс істеу, ақпаратты құру, іздеу, талдау, жүйелеу, жіктеу, онымен сауатты жұмыс істеу;
- медиасауаттылық – медиаматериалмен жұмыс істеу, медиа контентті (мәтіндер, дыбыстар, суреттер, бейнелер және т. б.) құру, іздеу және бағалау;
- коммуникативтік сауаттылық – цифрлық ортадағы коммуникация, цифрлық кеңістіктегі, әлеуметтік желілердегі және ортадағы қарым-қатынас дағдысы мен этикасын сақтау;
- визуалды сауаттылық – түрлі сурет, сызба, диаграмма, шартты белгілерді түсіну, түсіндіре білу, өзара интерпретация жасай ала білу қабілеті.

Ақпараттық технологияларды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына интеграциялау арқылы оқушылар қазақ тілінде түрлі медиаресурстардан алынған ақпаратты *талдап, сыни баға беріп, әртүрлі контекст негізінде өз ойлары мен идеяларын қазақ тілінде*, соның ішінде цифрлық ортада тиімді білдіруді үйренеді. Сенімділігі мен өзектілігін ескере отырып, түрлі дереккөздерден ақпаратты іздеу, бағалау және тиімді қолдану дағдыларын дамытады.

**Цифрлық сауаттылық ұғымының аясы кеңейіп, өз ішінде
бірнеше сауаттылық түрін қамтиды:**




Ал жасанды интеллект ше? Жасанды интеллект қаншалықты деңгейде қазақ тілінде сөйлей алады? Қаншалықты деңгейді қазақ тілін оқыту процесін жеңілдетеді?

Жасанды интеллект (ЖИ) – адамның ойлау процесін компьютерлік жүйелер арқылы модельдеу. ЖИ түрлі салаларда қолданылып, өміріміздің көптеген аспектілерін жақсартуға, жеңілдетуге бағытталған, соның ішінде деректерді талдау, табиғи тілде өңдеу және автоматтандыру процесстері. 1956 жылы Джон Маккарти есімді америкалық бағдарламашы АҚШ-тың Дартмут колледжінде өткен ғылыми конференцияда бұл терминді алғаш рет қолданған. Шын мәнінде, ғаламтор бетінде жарық көрген деректерге сүйенсек, ең алғашқы жасанды интеллектіні екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Алан Тьюринг есімді ағылшын математигі немістің құпия ақпаратын бұзып, оны шифрдан шығаратын машина құраған дейді. Алайда оның жасанды интеллектке жататынын білмеген. Осылайша жасанды интеллект жиырма бірінші ғасырда бастау алып, жиырма бірінші ғасырда өзінің жаңа деңгейге көтерілді. Тілдерді оқыту барысында жасанды интеллектінің мүмкіндіктері көп. Қарапайым сөздерді аударудан бастап, тұтас мәтіндерді аудару, мәтін негізінде сурет жасау, қолданушының дауысын тану, дыбысталған аудионы мәтінге айналдыру не болмаса мәтінді аудиоға айналдыру.

Бүгінде сабақ үдерісінде түрлі онлайн қосымшалар кеңінен қолданылып жатыр. Бұл онлайн қосымшалар ойын арқылы білу алуға, пәнге деген қызығушылықты арттыруға, сабақ үдерісін қызықты әрі мазмұнды етіп ұйымдастыруға ықпал етеді. Онлайн қосымшалардың өзін өз ішінде топтастыруға болады. Мәселен, алған білімді қорытындылауға, бағалауға арналған қосымшалар (Nearpod, Kahoot, Plickers, Quizz, LearningApps.org, Wizer.me, Goformative), сөздік қорды меңгертуге арналған қосымшалар (Wordwall, Quizlet, LearningApps.org), жаңа идеяны жарыққа шығаруға, шығармашылық жұмыстар әзірлеуге арналған қосымшалар (Renderforest,

Powtoon, Storyjamper, Storyboard, ChatterPix және т.б). Осы онлайн қосымшалардың ішінде ЖИ негізделген қосымшалар бар.



Мәселен, **Quizlet** – қазақ тіліндегі сөздік қорын кеңейтуге арналған жаттығулар мен флешкарталар жасауға мүмкіндік беретін құрал. Quizlet – бұл оқушылар мен мұғалімдерге білім алу және үйрету процесін жеңілдетуге арналған онлайн платформа. Ол 2005 жылы Эндрю Сазерланд тарапынан құрылған және бүгінде әлем бойынша миллиондаған қолданушының сүйікті оқу құралына айналды. Quizlet флешкарталар, тесттер және ойындар арқылы оқытуға мүмкіндік береді. Quizlet-тің артықшылықтары: 1.Сөздік қорын байыту. Оқушылар жаңа сөздерді флешкарталар арқылы үйреніп, оларды есте сақтау үшін түрлі жаттығулар орындай алады. Сөздердің аудармаларын немесе анықтамаларын қосу арқылы қазақ тілін тереңірек түсіну мүмкіндігі бар. 2.Тыңдалым, айтылым дағдысын дамыту. Аудио файлдарды қосу арқылы оқушыларға сөздердің дұрыс айтылуын үйретуге болады. Бұл, әсіресе, тіл үйренушілер үшін маңызды, себебі дұрыс айту және тыңдау дағдылары тілді меңгерудің маңызды аспектілеріне жатады. 3.Ойын арқылы тіл үйрену. Ойын элементтері оқушылардың оқу процесін қызықты етеді. Оқушылар Match және Gravity сияқты ойындар арқылы білімдерін бекіте алады.

Voki - виртуалды аватарларды жасауға және оларды сөйлетуге мүмкіндік беретін онлайн құрал. Оқушылар өздері жасаған аватарларға мәтін енгізіп, оны дыбыстау арқылы тілдік дағдыларын жетілдіре алады. Voki қосымшасын қолдану барысында оқушылардың сөйлеу және тыңдау қабілеттері дамиды. Олар өздерінің мәтіндерін тыңдап, қателерін түзете алады, бұл тілдік дағдылардың жетілдірілуіне септігін тигізеді.

ChatterPix - суреттерді сөйлетуге мүмкіндік беретін мобильді қосымша. Оқушылар өздері таңдаған суреттерге ауыз сызып, оларға өз

дауысымен оқи отырып, мәтін қосады. Бұл құрал балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың тілдік дағдыларын да жетілдіреді. ChatterPix арқылы оқушылар өз ойларын еркін жеткізуге, сөйлеу мәнерін жақсартуға және сөздік қорын байытуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, бұл қосымша арқылы балалар өз жұмыстарын сыныптастарымен бөлісіп, бір-бірінен үйренеді.

Narakeet - мәтіндерді дауыстап оқытуға арналған онлайн құрал. Narakeet қосымшасының көмегімен оқушылар өз мәтіндерін енгізіп, оларды табиғи дауыс арқылы тыңдай алады. Бұл тіл үйренушілерге дұрыс айтылу және интонацияны меңгеруге көмектеседі. Narakeet-тің артықшылығы – ол кез келген мәтінді бірнеше секунд ішінде дауыстап оқып береді, бұл оқушыларға жылдам кері байланыс алына мүмкіндік береді.

D-ID - бұл фотосуреттерді сөйлететін және оларға анимация қосатын құрал. Оқушылар өздерінің фотосуреттерін немесе тарихи тұлғалардың суреттерін қолдана отырып, оларға мәтін енгізіп, сөйлету арқылы тілдік дағдыларын дамыта алады. D-ID арқылы оқушылар қазақ тілін үйренуде жаңа тәсілдерді қолдана алады, бұл олардың оқу процесін қызықты және тиімді етеді. Бұл құрал арқылы тарих және әдебиет сабақтарында да интерактивті материалдар жасауға болады.


Bing AI - Microsoft компаниясының іздеу жүйесі және ЖИ негізіндегі аударма және мәтін тану құралдары.

SpeechTexter - айтылым дағдысы үшін өте тиімді қосымша. Оқушы мәтінді оқып отырады, қосымша оқушының дыбыстауы негізінде мәтінді автоматты түрде жазады. Осы арқылы оқушылар қазақ тілінде сөздерді дұрыс дыбыстауға, интонацияны дұрыс қоюға дағдыланады.



Бұдан бөлек оқушылардың цифрлық сауаттылығын, медиасауаттылығын, ақпараттық сауаттылығын арттыру үшін

мультимедиялық құралдардың көмегімен ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу, әзірлеу деңгейіндегі продукцияға жетелейтін тапсырмаларды көптеп ұсыну керек. Бұл қажеттілік біріншіден, оқушылардың медиасауаттылығын, ақпараттық сауаттылығын дамытумен байланысты болса, екіншіден Блум таксономиясының жоғары деңгейі «Құру» деңгейіне сәйкес оқушылардың жаңа идеяларды ойлап табу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, креативті ойлау дағдыларын дамытумен байланысты. (2-сурет)



2-сурет. Жаңартылған блум таксономиясы. Андерсон мен Кратвол, 2001 [5]

Блум таксономиясында "құру" деңгейі когнитивті белсенділіктің ең жоғары деңгейлерінің бірі болып саналады. Оқушылардың ақпаратты пайдалана білуін ғана емес, оны біріктіру, қайта құру, жаңа идеялар мен тұжырымдамалар жасау қабілетін білдіреді. Бұл деңгей жоғары шығармашылық пен сыни ойлауды қажет етеді. "Құру" деңгейіне жеткен оқушылар бірегей жобалар әзірлеп, мәселелерді шешудің жаңа тәсілдерін ойлап таба алады. Ең бастысы ойын қазақ тілінде жеткізеді.

Бұрынғы кезде продуктивті тапсырмалар қатарында шығарма, эссе, әңгіме, монолог, диалог сияқты тапсырма түрлерін ұсынып келсек, қазіргі цифрлық технологиялардың дамуымен бұл тапсырмалардың түрін жаңа форматта, оқушылардың қызығушылығы мен сұранысына сай ұсына аламыз.

Продуктивті дағдыларды цифрлық құралдардың көмегімен қалай дамытуға болады? Бүгінде цифрлық құралдардың өмірімізге дендеп енуімен бірге ғаламтор кеңістігінде жаңа цифрлық өнім әзірлеуге арналған қосымшалардың саны да артып келеді. Осыған орай «digital storytelling» термині пайда болды. Бұл цифрлық құралдардың көмегімен жаңа сюжетті әңгіме әзірлеуге саяды. Мысалы, цифрлық деректі фильмдер әзірлеу, онлайн қосымшалардың көмегімен әзірленген әңгімелер, цифрлық эсселер, интерактивті әңгімелер және т.б. жатады. Бұл әңгімелеу өнері графика, аудио, бейне, сурет және мәтінді бір жерге біріктіру идеясына шоғырланады.

Цифрлық әңгімелердің (digital storytelling) мақсатына сай ұзақтығы әртүрлі болуы мүмкін. Цифрлық баяндауда қолданылатын тақырыптар жеке әңгімелерден бастап тарихи оқиғалар, көркем әңгімелер, қоршаған ортаны зерттеу және тағы басқа тақырыптарды қамти алады. Мұндай жұмыс түрлерін ұйымдастыру арқылы оқушылардың тек қана цифрлық сауаттылығы артып қана қоймай, ізденіс негізінде зерттеушілік дағдылары,

ақпараттарды сұрыптау негізінде сыни ойлау, аналитикалық ойлау дағдылары, ақпаратты үйлесімді ұйымдастыру үшін визуалды сауаттылығы, ерекше жеткізуге барысында креативтілігі артады. Бір сөзбен айтқанда ХХІ ғасырда қажет ететін дағдыларды дамытуға сеп болады. Ең бастысы оқушылардың айтылым, тыңдалым дағдыларын дамытады.

Бастысы мұғалім оқушыларға тапсырманы ұсынғанда тақырыбын, қандай идеяны жеткізу керектігін, қандай қосымшамен жұмыс жасау керектігін, қандай суреттерді, әуендерді алып қолдану керектігін анық ұсынғаны абзал. Төменде айтылым дағдысын цифрлық құралдардың көмегімен дамытуға бағытталған тапсырма үлгісі берілген. (1-кесте)

Сынып	7-сынып
Тақырып	«Саяхат және көрікті жерлер» бөлімі. «Қазақстанның көрікті жерлері»
Негізгі идея	Қарқаралы өңірінің ерекше табиғатын көрсету, туристерге насихаттау <i>Қосымша: әр жұпқа/топқа жеке -жеке әр өңірді беруге болады.</i>
Қосымшалармен жұмыс	1. Voki.com-нан бір кейіпкерді тандап, сол кейіпкердің атынан өңірді таныстыру. 2. https://www.youtube.com/watch?v=Fy7MpKzoFRE бейнебаянмен танысу, қажетті бөлікті CapCut арқылы қиып алу. 3. Voki.com мен CapCut арқылы әзірленген екі видеоны біріктіру. 4. Audacity онлайн диктофон көмегімен немесе ұялы телефондағы диктофон көмегімен дыбыстау. 5. Дайын өнімді таныстыру

Қорытындылай келе, сабақ үдерісінде цифрлық құралдарды қолдану тек оқушыны қызықтыру, сабақ үдерісіне тарту мақсатында ғана емес, сонымен қатар оқушылардың жоғары ойлау дағдыларын дамытуға, шығармашылық әлеуетін арттыруға ықпал ететін жұмыс түрлерін ұйымдастырған абзал. Цифрлық құралдарды сабақ үдерісіне енгізу – заман талабы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ч. Фадель, М.Бялик, Б.Триллинг «Четырехмерное образование. Компетенции, необходимые для успеха» Москва: Издательская группа «Точка», 2018. — 240 с
2. Gilster P. Digital Literacy. New York: Wiley. 1997. 279 с.
3. В. И. Токтарова, О. В. Ребко «Цифровая грамотность: понятие, компоненты и оценка» , Vestnik of the Mari state university, 2021г. Том. 15, № 2.
4. М.В. Кузьмина. «Формирование цифровой грамотности обучающихся: Методические рекомендации для работников

образования в рамках реализации Федерального проекта «Цифровая образовательная среда» Киров: ИРО Кировской области, 2019. - 47 с.

5. <https://www.celt.iastate.edu/instructional-strategies/effective-teaching-practices/revised-blooms-taxonomy>

6. Б. Доган. (Образовательное использование веб-сайта цифровых повествований, Педагогический колледж Хьюстонского университета <http://digitalstorytelling.coe.uh.edu>

II ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ

Н.Ж.Дәулеткереева

НЗМ ДББҰ филиалы «Білім беру бағдарламалары орталығы», «Лингвистикалық бағыттағы пәндер» бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты

Кез келген тіл үйренуші белгілі бір тілді үйрену жөнінде шешім қабылдағанда оны бұл қадамға жетелеп келген нәрсе не болуы мүмкін екендігі туралы әр оқытушы ойлануы керек. Бір адам университет қабырғасында жүрген болса жақсы баға алу мақсатын алға қоюы мүмкін, келесі тіл үйренушіде қызмет бабында қажеттілік туындаған болуы ықтимал, енді бірінде түрлі себеппен қазақ еліне немесе қазақ тіліне деген ерекше ықылас туындауы мүмкін. Тілді тұтынушы тарапынан сұраныс бар, ендігі кезекте «Бұл сұранысты кім өтейді?» болмаса «Бұл талапты қанағаттандыра алатын оқытушы кім және ол қандай кәсіби біліктілікке ие?» деген сауалдар жауабын күтеді. Осы тұрғыда ойланып «мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне» не жататындығы туралы тарқатып көрелік.

Тіл үйретушінің кәсіби құзыреттілігін межелейтін келесідей негізгі шарттар бар. Оның біріншісі педагогтың жеке тұлғалық қарым-қабілеті мен адами құндылықтарды игеруі болып табылады. Ол өз ішінде тіл үйретушінің мотивациясын арттыру, ынтымақтастықты қолдау, ашық болу, тілдік ортаны қалыптастыруға бейім болу, тілді тиімді қолдануға үйрете білу, қатенің рөлін түсіну, студенттің жекелік қасиеттерін, оның жас ерекшелігін, тіпті жыныстық айырмашылықтарын ескеру, белгілі бір мәселе туындағанда оның шешу жолын табу мақсатында жүйелі зерттеу жүргізу, тәжірибе алмасуға бейілді болу болып өз алдына жіктеле береді.

Тіл үйретуші адамгершілік құндылықтарды игеруі

маңызды



Екіншісі, тіл үйренушінің кәсіби білігі мен білім диапазонының ауқымы болып саналады. Бұл тармаққа қарасты тіл үйретушінің білім

диапазонын құрайтын білім қоры, тілді тиімді қолдануға үйрететін тәсілдемелер туралы теориялық және практикалық білім, ресурс көздерін білу, сапалы сабақ жоспарын құра алу, кері байланыс беруді сауатты жүзеге асыру сынды болып тарқатыла береді. Осы аталғандарды топшылай келе, тіл үйретушінің кәсіби құзыреттілігіне оқыту мен тәрбиені тиімді ұштастыра алу білігі жататындығын түсінеміз. Расында да мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық - белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, терминнің дербес анықтамасына тоқталайық. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылып келеді. Методикалық терминдер сөздігінде» «Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген. Дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік және кәсіби дамуға бағытталған жұмыстар ғана жаңашылдық кепілі болады. Жеке тұлғаның қалыптасуында ең тиімді жол жаңа тұлғаны қамтитын, қабілет, білім, икем, дағды, тәжірибе, көзқарас болып табылады.

К.Құдайбергенова өз мақаласында: «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым» дей келе, құзырлылықтың латын тілінен аударуда «компетенс» болатынын және белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша «Құзырлылық дегеніміз — педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы».


Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз. Жақсы

оқытушы — бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі.

Білімді толық игеру үшін тіл үйренушінің ойлау қабілетін дамыту, оның еркін сөйлеуіне, өз ойын ашық және толық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту — оқытудың ең басты мақсаты. Тілді жалаң (ережені жаттатумен) игертпей, есесіне сөйлеу әрекетінің төрт түрін қатар дамыта отырып игерту нәтижелі болмақ. Бұл тілдік дағдыны фокусқа алып сабақ тапсырмаларын жай түрлендіру емес, тіл үйренушілерге сыни ойлауға жетелейтіндей тапсырмалар ұсыну меңзеледі.

Тіл үйретуші сабақтың тартымды өтуіне күш салу арқылы студенттің мотивациясын арттырады. Қазақ тілін үйренуге жүреге дауаламай жүрген студентті жеңіл әрі мазмұнымен еліктірердей контент ұсыну арқылы әрі доспейілділік таныту арқылы баурап алуға болады. Сабақ үдерісінде сөйлеу қарқынын реттеу, жай сөйлемдермен түсінікті тілде сөйлесу, оған қоса дене тілін тиімді пайдалану, кейбір қателерін елемеу не өзіне түзеттіру, орайы түскенде мақтау сөз айту, көмекке зәру кезде қолдау көрсету өз жемісін міндетті түрде береді. Сонымен қатар, сабақ кезінде үйреніп жатқан тілін басым қолдануды оқытушы басты бағдарға алып, оның тілді білу деңгейі 30 пайызға көтерілген сәтте толық бір тілді қолдануға көшу дұрыс ұстаным болмақ.

Тіл үйретуші маманның аудиторияны басқара алуы шарт. Сабақ сапасын ойлайтын оқытушы сабақ мазмұнын жоспарлау барысында студенттердің сабақ процесіндегі өзара қарым-қатынасын қалай реттейтіндігі туралы ойланады. Топтық не жұптық жұмыстарда кей тіл үйренушілердің басымдық танытуын болдырмауды алдын ала ойлап қойған жөн. Тіпті кімнің дос екенін, кімдердің тапсырманы бірігіп орындауға бейінді екенін оқытушы назарға алады. Болмаса бір уақытта түрлі тапсырма орындауды жүзеге асыру мүмкіндігін пайдалану да тіл үйретушінің кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты болмақ.



Қазіргі білім бәсекесі жағдайында оқытушылар қауымы да жаңа талаптармен бетпе-бет келуде. Мәселен, сабақтың онлайн немесе офлайн жүйесінде ұйымдастырылуы жағдайында тіл үйретуші мамандар тез бейімделуді үйренеді. Түрлі платформаларды қолданып сабақ жспарын дайындайды, сабақ өткізеді. Жасанды интелектінің де көмегіне жүгінеді, өз студенттерінің тілді тез әрі оңай меңгеруіне жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б
2. Н.Л.Гарифуллина. Мастерство педагога – его компетентность. <https://www.informio.ru/publications/id2667/Masterstvo-pedagoga-ego-kompetentnost>
3. Н.В. Кузьмина Методы исследования педагогической деятельности. – Л.: ЛГУ, 1970. – 215 с.
4. J.Harmer. The practice of English Language teaching. Lonman, 2007.

III ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРУДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРУДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

А.Т.Хасенова

НЗМ ДББҰ филиалы «Білім беру бағдарламалары» орталығы, «Лингвистикалық
бағыттағы пәндер» бөлімінің аға менеджері

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында мұғалімдер түрлі мәселелермен бетпе-бет келіп жатады. Оқушылардың сөздік қорының аздығы, тыңдалған, оқылған ақпаратты түсінбеуі не болмаса түсінсе де өз сөзімен қайта айта алмауы, өз ойын ауызша және жазбаша формаларда жеткізе алмауы. Кейде оқушы грамматиканы жақсы білуі мүмкін, жекелеген сөздердің мағынасын, аудармасын жақсы білуі мүмкін, бірақ тұтас мәтін түрінде келгенде басын жинақтап толық контекстті түсінбейтін жағдайлар да кездеседі. Таныс жағдай ма? Бұл мәселені қалай шешуге болады? Оқушылардың төрт тілдік дағдысын қатар қалай дамыта аламыз?

Осы орайда жалпы оқыту әдістемелерін зерделеу, тиімді әдісті таңдау қажеттілігі туындайды. Қазақстан тәжірибесінде көп жылдан бері грамматика-аударма әдісі қолданылып келді. Бұл әдіс тілді оқытудың дәстүрлі тәсілі. Мұнда грамматикалық ережелерді үйрену және мәтіндерді аудару басты орын алады. Бұл әдіс оқушыларға грамматиканы терең түсінуге көмектескенімен, тілдік ортада қарым-қатынас жасауға үйретпейді. Қазақ тілін үйренушілер үшін коммуникативтік құзыреттіліктерді игеру маңызды, өйткені олар тілдік қарым-қатынас жасаудың негізгі элементтерін құрайды. Бұл мақалада қазақ тілін меңгерудің негізгі коммуникативтік құзыреттіліктері, олардың маңыздылығы және оларды дамыту жолдары қарастырылады.

Тіл үйрету барысында негізгі төрт тілдік құзыреттілікті (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) дамыту көзделеді. Коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыту үшін сыныпта түрлі әдіс-тәсілдер қолданылып, жағдаяттық жаттығулар орындалады, олардың әрқайсысы оқушылардың тілдік дағдыларын кешенді түрде дамытуға бағытталады. Оқушылар қазақ тілінде еркін сөйлеп, жаза алады, сонымен қатар қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеп, мәдениаралық қарым-қатынас жасау қабілеттерін арттырады. Коммуникативтік құзыреттілік аясында:

- қарым-қатынас орнату мақсаты алға қойылады;
- интенция жүзеге асады;
- форма емес, контекст маңызды рөл атқарады;
- мұғалім тарапынан шектеу болмайды.

Осы орайда оқушыларға ұсынылатын оқу тапсырмаларының мазмұны, сапасы, ұсынылуына мән берген жөн. Қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеретін аудитория үшін ұсынылатын ақпараттың шынайы өмірмен байланысты болуы, аудиторияда меңгерген ақпаратты шынайы өмірде қолдана алуы маңызды. Екіншіден, тіл үйренушінің пәнге деген қызығушылығын ояту. Үнемі олардың назарын ұстап тұру, келесі сабаққа қуана келуіне жағдай жасау. Бұл тікелей мұғалім ұсынатын материалға, ұйымдастырылатын әдіс-тәсілдерге байланысты болмақ. Сабақ барысында төрт тілдік дағды қалай дамытылады? Қандай стратегияларды қолданған тиімді?

Оқылым дағдысы коммуникативті бола ала ма? Немесе коммуникативті құзыреттілікке негіздеп оқылым дағдысын қалай жүзеге асырамыз? Коммуникация екі немесе бірнеше адамның арасындағы өзара әрекет қана емес, сондай-ақ оқылым, тыңдалым сияқты рецептивті дағдыларды дамыту барысында да көрініс таба алады. Мәселен, мәтінді оқу не тыңдау барысында оқушы автормен коммуникацияға түсе алады. Сондай-ақ, оқылым, тыңдалым дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтарда "оқылымалды, "оқылым" және "оқылымнан кейін" кезеңдерін жоспарлаймыз. Бұл кезеңдер бізге оқуды коммуникативті етуге көмектеседі. Оқылымалды тапсырмалары көп жағдайда оқушылардың оқылатын мәтін тақырыбы жайында не білетінін, көтерілетін мәселе төңірегінде қандай білім қоры бар екенін анықтай отырып, мәтінді оқуға қызықтыру тапсырмаларынан тұрады. Мәселен, оқылымалды жұмысы ретінде келесі тапсырманы жүзеге асыруға болады:

1. Жұптық талқылау. Жұбыңа ұсынылған тақырып туралы не білетініңді айт.
2. Тақырып төңірегіндегі білімдеріңді анықтау үшін жұпта чек-парақты толтыр.
3. Суретке қара, қай сурет тақырыпқа қатысты екенін анықтап, жұбыңа әңгімеле.
4. Бірінші абзацты оқып, оқиға қалай өрбитінін болжа.

Осы орайда болжам жасау (болжау) стратегиясы туралы толығырақ тоқталып өтсек. Нені және қалай болжай аламыз?

- тақырыпқа қарап болжам жаса;
- визуал (сурет, диаграмма, мұқаба) арқылы болжам жасау
- автор біліміне болжам жасау;
- бірінші абзацқа шолу жасау арқылы болжау;
- кілт сөздер арқылы болжау;
- соңын оқу/тыңдау арқылы басын болжау;

- ортасын оқу/тыңдау арқылы басы мен соңын болжау;

Сондай-ақ, оқылымалды жұмысы негізінде жаңа сөздермен танысу жұмысын ұйымдастыруға болады. Коммуникативті әдістеменің негізгі қағидаттарының бірі «бір мұғалім-бір тіл» қайдасын ұстану. Жаңа сөздермен жұмыс жасау барысында оқушыларға жаңа сөздік аудармасын бергеннен, сол сөзді басқа тәсіл арқылы меңгерту дұрысырақ болмақ. Мәселен, жаңа сөзде сурет арқылы түсіндіру, им-ишара арқылы түсіндіру, анықтамасын беру. Белсенді әрекет негізінде «Сөздік гол» ойыны, сөзжұмбақ шешу, топтастыру, сәйкестендіру және т.б. әдістерді қолданған орында.

Мәтінмен жұмыс жасау барысында да түрлі стратегиялар мен әдіс тәсілдер қолданылады. Оқу әдетте жалғыз жүзеге асырылатын әрекет ретінде қабылданатын. "Жұпта оқу" идеясы бір қарағанда оғаш көрінуі мүмкін, алайда жұптық оқуды жүзеге асыруға болады. Мысалы, «Жүгіру және оқу» әдісі. Бұл әдіс, әсіресе, мәтінді жылдам қарап шығу үшін тиімді, өйткені оның мақсаты – оқушыларды жарыс кезінде барынша жылдам оқуға ынталандыру.

Сыныпты А оқушысы және В оқушысы деп жұпқа бөліңіз. А оқушысы сыныптың артқы жағында отырады.

Оқытқыңыз келетін мәтінді бөлменің екінші шетіндегі қабырғаға жабыстырыңыз.

А оқушысына сұрақтар тізімін беріңіз.

А оқушы бірінші сұрақты В оқушыға оқиды, ол мәтіннен жауапты табу үшін бөлмені айналып жүгіріп шығып, сыныптың екінші шетінде ілулі тұрған мәтінді оқып, А оқушысына жауапты жазғызу үшін кері жүгіреді, содан кейін екеуі рөлдерін алмастырады.

Барлық сұраққа бірінші болып жауап берген жұп жеңеді.

Оқылатын мәтін мазмұны қандай болуы керек?

-мәтін оқушының тілдік деңгейіне сай бейімделген, грамматикалық құрылымдары екшелген;

-сөздікпен жұмыс тиімді ұйымдастырылған, сабақтың өң бойында жаңа сөздер қамтылған;

-мәтін оқушының қызығушылығына сай таңдалған;

-заманауи, өзекті тақырыптардың қамтылған;

-мәтіндердің практикалық маңызы.

Мәтін қандай болмауы керек:

- тым күрделі спецификалық ақпарат беріледі;
- бірыңғай ақпараттық мәтіндер;
- зорлық-зомбылық қамтылған мазмұн немесе жағымсыз эмоция тудыратын мазмұн.
- саяси немесе діни бағыттағы үгіт-насихат жүргізетін мәтіндер;
- ата-ана мен бала арасындағы келіспеушілік, қарама-қайшылық тудыруы ықтимал мәтіндер;

- ғылыми деректері күмән тудыратын мәтіндер;
- жынысына, нәсіліне, этникалық тегіне, дініне немесе басқа белгілеріне қарай кемсітетін мәтіндер немесе суреттер;
- ескірген ақпарат немесе өзектілігін жоғалтқан фактілерді қамту;

оқушылардың тілдік деңгейі мен қызығушылығына сай мәтіндер таңдап алған соң, енді оны ұсыну жолдарына да мән берген жөн. Мәтіннің аутенттілігін барынша көрсеткен дұрыс. Мәселен, хабарландыру мәтіндері болса, шынайы шаблон, плакет, флаер түрінде ұсыну. Блок жазбасынан келтірілген мәтін болса, дәл сол контексті шынайырақ ұсыну. Бұл оқушылардың қызығушылығын оятып қана қоймай, алған ақпаратты шынайы өмір жағдайында қолдана алуға сеп болады. Төменде үлгілерге назар аударып көрелік.

Төрт адамның арасында өрбіген әңгімені 1-үлгіде тұтас мәтін түрінде ұсынылса, 2-үлгіде Canva қосымшасы арқылы визуалды түрде аутентті мәтін түрінде ұсынылды. Қайсысын оқушы қызығып оқыр еді?

1-үлгі

Аяулым

Балиге сапарым өте сәтті болды. Біз барғанда ауа райы өте қолайлы болды. Әсіресе сарқыраманың сұлулығына тоймадым, көп энергия мен күш-қуат жинап қайттым. Келесі жылы Египетке бармақшымын маған табиғатпен, тарихпен үндескен ұнайды.

Арман

Біз отбасымызбен Түркияда болдық. Мен теңізді жақсы көремін. Қала аралау, дүкен аралау менің табиғатыма жат. Шетелде болғанда қызық оқиға орын алды. Мен төлқұжатымды жоғалтып, күн бойы іздедім. Қатты уайымдадым. Сөйтсем жүк сөмкесіне салып қойыппын. Төлқұжаттарыңызға абай болыңыздар дегім келеді.

Маржан

Иә, адамдар шетелде түрлі жайттарға тап болады. Шетелге бармақшы болғанда сақтандыру алсам ба, жоқ па деп көп ойландым, соңында алдым. Алғаным жақсы болған, мен адреналинға жақынмын. Сөйтіп дайвингте аяғымды жарақаттап алдым. Содан сақтандырудың көмегімен тегін медициналық көмек алдым. Сақтандыруға ақша аямаңыздар.


Сұлтан

Менің табиғатыма еркіндік жақын. Осы жолы арнайы турагенттіктен жолдама алмадым. Әуежай билеттерін өзіміз сатып алып, қонақ үйді өзіміз брондадық. Картаның көмегімен Түркияның колоритті жерлеріне саяхаттадық. Осылайша сол елдің күнделікті тұрмысымен жақынырақ танысып, мәдени, тарихи орындарын араладық. Шетелге барғанда ақшаныбанк картасында ғана емес, жергілікті жердің ақшасына аударып қол ақшаны да апарған дұрыс.

2-үлгі



Сол сияқты блог жазбасын ұсыну



Мәтінді оқу барысында және оқығаннан кейін төмендегідей стратегияларды қолдануға болады.

1.RAP Оқы-сұра-айт

2.RIDA Оқы-елестет-сипатта –қос



“Оқы-сұра-айт” стратегиясында оқушы мәтінді іштей оқиды, оқи отырып мәтін бойынша сұрақ қояды, әзірленген сұрақтары негізінде мәтінді жұбына әңгімелейді.

“Оқы-елестет-сипатта-қос” стратегиясында оқушылар мәтінді оқиды, мәтіндегі оқиғаларды елестете отырып оның образын салады, оған түрлі сын есімдерді қоса отырып сипаттайды, суретті түрлі детальдармен толықтыру мақсатында қайта оқиды. Бұл стратегия оқушыларға мәтінді терең түсінуге көмектеседі.

Мәтін арқылы жасалатын жұмыстың бірі мазмұндау. Мазмұндау – мәтінді есте сақтау, жүйелеу және қорытындылау үшін ұйымдастырылатын қысқа, жүйелі жұмыс. Мәтінді мазмұндау арқылы оқушы өз ойын жүйелі жеткізуге үйренеді, мазмұндау барысында сөйлемнің құрылымына, сөздердің дұрыс дыбысталуына мән бере отырып ойын сауатты жеткізе білуге дағдыланады. Мазмұндауға дайындық барасында интонацияны дұрыс қою, сөздерге екпінді түсіру, үндестік заңын ескеріп сөйлеу сияқты маңызды аспектілерге мән береді. Сонымен қатар мәтінді мазмұндау арқылы оқушылар мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну, мәтіннен қажетті ақпаратты, детальдарды анықтау, мәтін құрылымын түсіну, мәтіндегі негізгі ойды жинақтау, мәтін мазмұны негізінде қорытынды жасау дағдыларын дамытады.

Жалпы мазмұндаудың 4 түрін анықтауға болады: егжей-тегжейлі мазмұндау, бөліктерге бөліп мазмұндау, жағын өзгертіп мазмұндау (І жақтан жазылған әңгімені ІІІ жақтан мазмұндау), шығармашылықпен мазмұндау. Мәтінді жүйелі түрде мазмұндауға арналған қажетті қадамдар таныстырылады. Осы орайда оқушыларға арнайы графикалық органайзерлерді қолдану ұсынылады. 1, 2 суретте мәтінді жүйелі мазмұндаудың «Бес саусақ» әдісі ұсынылған. Бұл графиктік органайзер мәтіндегі негізгі аспектілерді ажыратуға, соның негізінде жүйелі мазмұндауға көмек болады. Саралаудың тиімді жүзеге асыру мақсатында оқушыларға екі түрлі графикалық органайзерді ұсынып, таңдаған нұсқасы бойынша мәтінді мазмұндауға мүмкіндік беріледі.

Көркем әдебиет стилінде жазылған мәтіндерді мазмұндау барысында кейіпкер, оқиға орны, конфликт, шешіміне мән берсе, көркем емес мәтіндерді мазмұндауда көтерілген тақырыпты анықтау, автордың көздеген мақсатын айқындау, мәтіннің негізгі идеясы анықтау сияқты негізгі аспектілерге мән бере отырып мазмұндайды.



Мерзімі: _____ Аты-жөні: _____

Шығарма атауы: _____

Оқиға

Басы _____

Ортасы _____

Соңы _____

Мәселе

Көршеген орта, оқиға орны

Басы _____

Ортасы _____

Соңы _____

Кейіпкерлері

Шешімі

Қорыта айтқанда, коммуникативті әдіс – бұл тіл үйрену процесінде тілді нақты қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға баса назар аударатын оқыту әдісі. Бұл әдіс оқушылардың тек грамматикалық ережелерді жаттап алуынан гөрі, тілді қолдану арқылы үйренуге мүмкіндік береді. Сабақтар қызықты әрі мағыналы болу үшін мұғалімдер шынайы өмірден алынған материалдарды, рөлдік ойындарды, жұптық және топтық жұмыстарды қолданған дұрыс. Бұл оқушылардың тіл үйрену процесіне қызығушылығын арттырып, оларды белсенділікке ынталандырады. Оқушылардың тілдік дағдыларын тиімді әрі қызықты түрде дамытуға мүмкіндік береді, олардың өз бетімен ойлау қабілетін жетілдіреді және тілдік ортаға тезірек бейімделуге көмектеседі. Коммуникативті әдіс арқылы оқушылар тілдің практикалық құндылығын түсініп, оны өмірде қолдануға ынталанады.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Г.Төкенқызы

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО Қолданбалы лингвистика бөлімінің
жетекші ғылыми қызметкері, қауымдастырылған профессор, ф.ғ.к.

XXI ғасырда ұлттық құндылықтар технологияның дамуымен әртүрлі деңгейде кеңінен қарастырылып зерттелуде және насихатталуда. XX ғасырдың аяғында қазақ тілі әлемінің өзіндік табиғатын, оның даму заңдылықтарын жан-жақты толық зерттеу барысында этнолингвистика, социоллингвистика, психоллингвистика және лингвомәдениеттану сияқты лингвистиканың жаңа салалары қарқынды дами бастады. Ұлттық тіл әр ұлтқа тән мәдени ерекшеліктерді көрсетеді, онда тіл шындық болмысқа үстемдік етеді. Біз қай тілді алып қарасақ та, рухани және материалдық мәдениеттің жетістіктерімен, тәжірибесімен, ұлт өркениетімен байланысты рухани қазыналардың ғасырлар бойы жинақталғанын көреміз. Қазіргі кезеңде тіл, мәдениет және өркениет тұтас дүние ретінде бірлікте алынып лингвистиканың бірқатар өзекті мәселелерін білдіреді. Ұлттық ерекшелік тілдің барлық деңгейлерінде айқын көрінеді. Мысалы, сөз тіркестерінде, стилистикалық қырларында және мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар т.б. сөз орамдарында. Әр халықтың тұрмыс-салты, мәдениеті пен өркениеті тілі арқылы танылады, яғни тіл жарыққа шығарушы болып табылады. Елдің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрі мен өмірде жинақтаған терең ойлы көзқарастары, руханият, материалдық саладағы табыстары тіл арқылы өрнектеліп жатады. Тіл тарихи-мәдени, өркениеттік құндылықтарды насихаттаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші.

XXI ғасыр лингвистикасы ұлттық рухани және мәдени код деп санайтын антропоцентрилік бағытпен сипатталады және бүгінде ол тек сабақтастықпен, құрылымдық, жүйелік парадигманың жалғасымен және тілдің қарым-қатынас пен ойды білдіру құралы болуымен сипатталады. Сондай-ақ, қазіргі лингвистикада ұлттық тілдің табиғатын шынайы тану үшін тілдік бірліктер мәдениетпен бірге «ғаламның тілдік бейнесі» теориясына сәйкес және когнитивті тұрғыда тілдік емес мәнділіктермен байланыста қарастырылады. Ғалам туралы лингвистикалық бейнелі идеялар тілде-тілде әр тілдің ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі көрінеді, әр халықтың әлемді қалай танитынына байланысты, фрагменттерді өзінше көрсетеді. Әрбір тіл осы тілді тұтынушының ұлттық әлемді қалай

қабылдайтынын, түсінетінін, яғни әлемнің тілдік табиғаты ұлт тілі арқылы бейнеленетінін көрсетеді.

Ғалым Ж. Манкеева мынадай негізгі ұстанымдарды санамалап береді:

1.Қоғамдық тәжірибеге негізделу, яғни дәстүр жалғастығы танымның қазыналық сипаты.

2.Таным модельдерінің символдық түрлері, яғни тілдің қызметі - ақпарат беру емес, бейнелеуге мүмкіндік жасау [1,3]. Тіл арқылы бейнелілік пен дүниедегі объективті шындықты субъективті түрде, яғни символдар арқылы беру. Оның жүйелі сипаты ақпараттық модельдердің үздіксіздігі. Яғни, ол ақпараттық модель құрылымдарының тұтастығын сипаттайды. Ғалым еңбектеріне сүйене отырып, біз мынандай қорытынды жасай аламыз: когнитивтік негіздерді анықтайтын барлық сипаттамалардың ортақ ерекшелігі – бұл бірлік, ақпаратты біртұтас күйде беру мүмкіндігі. Сондықтан адамның белсенділігі мен тәжірибесін қалыптастыру мен сақтауды, оны тілдің аталған ерекшеліктеріне сүйенбестен ұрпақтан-ұрпаққа беруді қамтамасыз ету мүмкін емес.

Ғалымдар: «Таза тілдік тұрғыдан ол тілдің кумулятивтік қызметімен тікелей байланысты. Ол өз кезегінде қабылдау, ойлау, жад сияқты психологиялық ұғымдармен тығыз байланыста болып, тұтас күйіндегі когнитивті парадигма құрайды», - деген тұжырымдама жасайды [2,45].

Тіл – бұл білімді, ақпаратты сақтау және беру құралы ғана емес, сонымен қатар мәдениетті тарату, дәстүрлер мен білімді болашақ ұрпаққа ұсыну, сонымен қатар адамның мінез-құлқын басқарудың ерекше құралы. Яғни, тілдің арқасында адамға тән әлеуметтік тәжірибені, мәдени мұраны және дәстүрлерді беру нұсқасы жүзеге асырылады, ол әртүрлі ұрпақтар мен тарихи дәуірлерден өтеді. Тіл мәдениеттің барлық байлығын, оның әрең байқалатын ерекшеліктерін, нәзік қауырсындарына дейін "сіңіреді". Алайда, кез-келген мәдениет, мейлі ұлттық болсын, белгілі бір дәрежеде белгілі бір тілдің ішкі дамуының сипаты мен заңдылықтарына, оның ішкі құрылымының ерекшеліктеріне және басқа аспектілеріне байланысты. Тілдің қоғамдағы орны ерекше, біз айтқанымыздай, мәдени құндылықтардың жеткізушісі және қуатты тасымалдаушысы, ұлттың рухани байлығы – тіл.

«Тіл әлеуметтік – мәдени фактор ретінде адамдардың тәжірибесін жасақтау мен ұйымдастыруға да елеулі дәрежеде ықпал етеді. Бұл жалпы мәдениет тәрізді көпшілік қабылдаған мәнді тудырумен түсіндіріледі. Қатысушылары қабылдайтын, қолданатын және соларға түсінікті мағыналар барда ғана коммуникация мүмкін болмақ. Алайда мұндай “жалпы қабылданған мәннің болуы, әдетте, бір (жалғыз) тілдің шегінде өткеріледі. Соңғысының философиялық – социологиялық тілігі тілдің тағы бір өте маңызды функциясын – адамдардың белгілі бір әлеуметтік мәдениет, этникалық қауымдастық шегінде түсіну функциясын айқын көрсетіп береді. Араласу мүмкіндігі, бір жағынан, әлеуметтік топ мүшелерінің ынтымақтасуына ықпал етеді. Ортақ тіл адамдарды біріктіреді. Екінші жағынан, ортақ тіл сол тілде сөйлемейтіндерді шеттетеді» [3,95 - 96].

Нәтижесінде ұлттың мәдениеті туралы білімі мен әлемді білуі тіл арқылы беріледі. Мәдениет – бұл әлемді қабылдау құралы және сонымен бірге осы әлемнің құрылғысы. Адам қандай болмасын, әлемді тани отырып, ол қоғамда өзіне пайдалы және пайдасыз жайттарды анықтап, сабақ алып сол арқылы құндылықтарын жасайды. Адам қызметінің кез-келген көрінісі мәдениетке ықпал етеді, мәдениет әр халықтың танымына байланысты қалыптасады. Жалпы қоғамда тіл, мәдениет осы қоғамның одан әрі дамуының, басқа адамдармен қарым-қатынас пен араласуының алғышарты болып табылады.

«... Баршамыз тілмен, сол тілде ата – бабамыздан жеткен мәдениетпен тәрбиелендік. Біз ана тілді де, төл мәдениетті де, туған жеріміз бен уақытымызды да таңдаған емеспіз. Бүкіл сыртқы және ішкі әлемді қамтыған баға жеткісіз сыйды алып, басты іске – басқа адамдармен араласып, құраласуға ұмтыламыз, өйткені кісі тірі жан иесі және адамдардың арасында өмір сүреді» [4, 24-25].. Тіл әр ұлттық мәдениеттің маңызды және ерекше құрылымдарының бірі болып табылады және әр түрлі халықтардың мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, білімі мен талғамы арасындағы айырмашылықтар тілде айқын көрінеді. Тіл үйренуші адам мәдениетті түсінген кезде ғана тиімді және дұрыс қарым-қатынас орнайды.

Қазақ тіл білімінде Ә.Т.Қайдар, Е.Жанпейісов, Р.Сыздық, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиұлы, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, З.Ахметжанова т.б. еңбектерінде ұлттық құндылықтардың лингвомәдениеттанымдық сипаты қарастырылады.

Академик Ә.Қайдар: «Мәдениет» жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым. Бұл – мәдениет - әрбір этносқа тән белгілі бір табиғи - әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасатын құбылыс. Өмір-тіршілік салты да, ортақ тілі, ортақ дүниетаным, ортақ психология т.т – осының бәрін біз этнос мәдениетінен таба аламыз. Ал соның бәрін танып – білудің ең басты құралы – тіл екендігін мәдениеттанушы ғылымдардың бәрі мойындайды» [5,13],- деп мәдениет терминіне төмендегідей анықтама бере отырып, мәдениетті танып-білудің құралы-тіл деген тұжырым жасайды.

З.Ахметжанова, А.Оналбаева, З. Умирзакова сынды ғалымдарымыздың «Культура в зеркале языка» еңбегінде тіл арқылы ұлттың танымы, мәдениеті берілетіндігі жайлы айтады: «лингвокультуреми, отражающие материальную культуру этноса, характеризуются своей отнесенностью к языку. Культурный компонент содержания этих языковых единиц отражен в их словарных дефинициях, легко вычленяется, отчетливо ощущается носителями языка»,-дейді [6, 10]. Лингвокультуремалардың барлығы дерлік ұлттың ерекшелігін танытатындығын, ұлт мәдениетінің көрінісі екендігі еңбекте мол фактологиялық материалдар арқылы талдайды. Ғылыми зерттеуде лингвокультуремалар қызметі айқындалады. Сол лингвокультуремаар қатарына ұлттық әшекей бұйымдар да жатады.

Қазақ тілін оқытуда мұғалімінің алдында қазақ тілін әртүрлі әдістермен меңгерту және бәсекеге қабілетті, заманауи талаптарға бейімделетін, әлемдік

білім кеңестігіне жол ашатын ұрпақтың танымын, жан дүниесін байыту, өскелең ұрпақты тәрбиелеу сияқты мәселелер тұр. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында қазақ тілін меңгеру арқылы ұлттық білім мен мәдениетті игеруге басты назар аударылады. Әр халықтың ерекшелігін, тілдік құралдар, тілдік бірліктер арқылы әр халықтың ұлттық даралығын тануды және қазақ тілін оқытудың бастапқы деңгейлерінде тілдік құзыреттілікті қалыптастыруды талап етеді. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру және еліміздің мәдениеті, тұрмысы, салт-дәстүрлері туралы білімдерін тереңдету, қазақ тілі сабақтарында дәстүрлермен танысу болып табылады. Оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігіне келетін болсақ, лингвистикалық құзыреттілік дегеніміз – грамматика, яғни сөздік қоры арқылы халық мәдениетімен танысу. Тілдік құзыреттілік тұлғаның рухани дамуын қалыптастырады, тілді меңгеруге, ортаны түсінуге көмектеседі. Сондықтан мұғалім мақсат қоя алатын, нақты және шынайы сөйлей алатын, өз ойын еркін жеткізе алатын, ұлттық мәдениетті терең меңгерген адамды өмір жолына бағыттай білуі керек.

«Лингвомәдени құзірет» терминімен тілімізде жарыса қолданыс тауып жүрген мынандай этномәдени, әлеуметтік мәдениет, мәдениеттану тәрізді түрлі мағыналарын кездестіруге болады.

Жеке тұлғаның мәдениетаралық коммуникациясы қолдана алатын лексикалық бірліктің ұлттық-мәдени семантикасын білудегі лингвомәдени құзыреттілік:

- 1) мәдениетаралық коммуникация контекстінде;
- 2) әлеуметтік-мәдени жағдайларды меңгеру және осы этномәдениетте қабылданған ұлттық-ерекшелік модельді коммуникативтік байланыстармен пайдалану;
- 3) тіл жасаушылар арасындағы мәдениетаралық өзара түсіністікке қол жеткізу үшін негізгі білімді қолдану мүмкіндігі.

«Лингвистикалық құзыреттілік» ұғымын қарастыра отырып, зерттеушілер көркем лексика мен білімге жүгінеді. Құзыреттіліктің осы түріне ие болу:

- 1) тілді сапалы зерделеу;
- 2) дүниетаным және жалпы мәдениетті білу;
- 3) оқушының қызығушылығы, ой-өрісі, ұстамдылығы, мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасай білуі және өзінің мәдени санасын дамытуы;
- 4) білім алушылар өз ойларын ауызша және жазбаша жеткізуін және қарым-қатынас мәдениетін дамыту, зерделеу. Лингвистикалық құзыреттіліктің қалыптасуы әртүрлі ұлттық-мәдени бірліктермен жұмыс кезінде жүреді. А.Әмірбекова лингвомәдени бірліктердің дені ұлттық стереотиптермен, ұлттық эталондар мен ұлттық ырым-тыйымдар негізінде толықатынын айта келіп, қазақтың ырым-тыйымдарының астарында сан түрлі тақырыпты қамтитын мәдени-этикалық тәрбиелеу таңбаларын көрсетеді:

Бірінші - гигиеналық әдептілікті сақтауға бейімдеу таңбалары

Екіншіден, ырым-тыйымдар арасында этикет таңбалары

Үшінші - келін әдебі таңбалары

Төртінші - бала қылығымен өлшенетін таңбалар

Бесінші - киімге қатысты этномаркерленген таңбалар.

Алтыншы – тағамға қатысты этномаркерленген таңбалар

Жетінші – үй тұрмысына қатысты этномаркерленген таңбалар

Сегізінші – төрт түлікке, жануарларға, құстарға байланысты этномаркерленген таңбалар [8, 31]. Ұлттық киімдерді киюдің де дәстүрі бар екенін білеміз.

Лингвомәдени күзіртеттіліктерді қалыптастыру барысында білімалушылар қазақ тілін үйрене отырып, қазақ елі мәдениетіндегі ерекшеліктерді жаңаша қабылдайды. Қазақ тілі арқылы қазақ елінің рухани құндылықтарын, рухани байлықтарын туған мәдениетімен байланыстырады, әрі мәдениаралық түсінбеушілік көзқарастарды жояды, т.б. танымдық қабілеттерін қалыптастырады.

Лингвомәдени күзіреттілікті қалыптастырудың негізіне отбасылық құндылықтар, салт-дәстүр, ырым-тыйымдар, сөз әдебі, сөйлеу мәдениеті, шешендік сөздер табиғатын меңгерту, символдар, астарлы сөздер, ұлттық концептілер, ұлттық сөз айшықтары, ұлттық өнер, этнографизмдер, ұлттық мінез, мақал-мәтел, фразеологизмдер т.б. жатады.

Отбасылық құндылықтарға ата-ананы сыйлау, отбасындағы сыйластық, үлкенді құрметтеу т.б. жатады. Қазақ халқында рухани-өнегелік тәрбие негізі отбасынан туындап, отбасынан әрі қарай дамиды. Отбасы өзінің күшімен, педагогикалық қолдаумен баланың қалыптасуына жетекшілік етеді. Бұл – отбасын рухани-өнегелі тәрбие факторы ретінде сипаттайды. Яғни, отбасылық құндылықтар қандай болса, өнегелі тәрбие деңгейі де сондай болмақ. Қазақ тілі сабағында отбасылық құндылықтар арқылы қазақ елінің мәдениетін, рухани қазынасын игертеміз.

Салт-дәстүр, ырым-тыйымдар – әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер халықтың тарихи дамуының барысында қалыптасатын жеке адамдардың өзара қарым-қатынасын, қоғамдық қатынастарды реттейтін әдет-ғұрып, санаға сіңген тәртіп, этика, қалыптасқан рухани мәдениет. Символдар – халқымыз өзін қоршаған әр дүниеге ой көзімен, ұлттық түйсікпен қарап, көңіліне түйіп, бейнелеуіне бейім келген лексемалар. Мұның өзі қоршаған ортамен үндестікті бұзбау, әуезділікті сақтау ниетінен туса керек. Қазақ ұлттық мәдениетінің ең байырғы, аса құнды салаларының бірі – қолөнері, оның ішінде ою өрнек болып табылады. Ою өрнектер әсемдікпен, сәнділіктің белгісі ғана емес, сонымен бірге халықтың арман-ойының, тілек мүддесінің нышаны, осы тұрғыдан алып қарағанда ою өрнектің мазмұндылық ерекшеліктері сан алуан. Қазақ тілін оқытуда ұлттық құндылықтар арқылы лингвомәдениеттік құзыреттілікті қалыптастыруда қазақтың киім-кешегі мен әшекей бұйымдарының алатын орны айырықша. Мысалы, алқа, білезік – символдық мәні бар бұйымдар. Қазақ жігіті өзі ұнатқан қызға сыңар білезік

сыйлаған. Үйленгеннен соң сыңар білезік орнына жігіт «шебер, ұқыпты бол» деген белгі ретінде қос білезік сыйлайды.

Сырғаның да символдық мағынасы бар екендігі белгілі. Сырғаға байланысты қазақ халқында сырға салу деген ырым, салт бар. Қазақ ертеректе қыз балаға бесікте сырға салып қойған. Ол көз тимесін деген ырымнан, тілектен туған. Ертөстік ертегісіндегі Ерназардың тоғыз сырғаны көруі соның дәлелі. Сырғаның этнолингвистикалық сипатын Р.Шойбеков: «Ертеде қыздың басы бос, атастырылмаған болса керегеге, кілемге, тіпті бақанға сырға іліп қою салты болған. Үйге келген қонақ, жолаушы үй ішін көзімен шолып, ілулі тұрған сырғаны көрсе, «бұл үйдің бойжетіп келе жатқан не бой жетіп отырған қызы бар екен, ата-анасы әлі ешкіммен құда болмапты, қызы басы бос екен» деген ой түйген. Мұның аяғы кейде құдаласып жатады»[9, 20], - дейді.

Ұлттық ерекшелігіміздің бірі әшекей бұйымдар арқылы салт-дәстүрді меңгертуде көрнекіліктерді қолданудың маңызы бар. Лингвомәдени құндылықтарды меңгертуде компьютермен жұмыс жасауда өзіндік нәтижесін берері анық. Компьютермен жұмыс жасау, барысында, тапсырмалар бірнеше бөлімдерден болуы мүмкін.

1. Берілген суреттерге сипаттама жазу,
2. Берілген сөздерді сөз табына ажырату.
3. Есте қалған қызық оқиғалары бойынша суреттер салу.
4. Мәтін мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап жазу, әңгімелеу.
5. Ұнаған тақырыптарына қысқаша өз ойларын жазу. т.б.

Сөзжұмбақ; ребустар; үлестірмелі кима қағаздар; суреттер; сюжетті суреттер; ұнтаспалар; дидактикалық материалдар тағы басқа.

Ұлттық құндылықтарды танытатын жаңа сөздерді меңгертуде көрнекіліктің оқушыға берері:

1. Оқитын тақырыпты терең түсінуге, негізгі түйінін ажырата білуге үйретеді.
2. Тақырыпты жеңіл, тез түсінуге ықпал етеді.
3. Қайталау кезінде алған білімді жүйелеуге көмектеседі.
4. Пәнге деген қызығушылығын арттырады. Көрнекі оқыту – ақыл-ойын, логикалық ойлауын дамыту. Сабаққа тиімді қолданылған көрнекілік түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатымен таңдап, жемісті меңгеруіне ықпал етеді. Тез сергіп, тапсырманы жылдам, дұрыс орындайды. Ойлау қабілеттерін, ізденімпаздығын арттырады. Сөздік қорларын көбейтуге, өз ойын жүйелеп байланыстырып баяндай білуге, тіл байлығын арттыруға көп септігін тигізеді. Байқампаздығы артады. Бүгінде елімізде қазақ тілін жаңа инновациялық әдістермен оқыту, аудио және бейне материалдарды, компьютерлік мультимедиялы бағдарламаларды қолдануға мол мүмкіндіктер ашылды. Осы бағытта инновациялық технологияларды зерттеп, ағылшын тілі сабақтарында қолдану маңызды. Әр педагогикалық технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Интерактивті оқыту әдісі арқылы оқушының сөздік қоры дамиды. Уақыт

талабына сай көрнекі құралдар - интерактивті такта, слайдтар, видеоролик, тестер, электронды оқулық мұғалім мен оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашады.

Ұлттық киімдер мен әшекей бұйымдар арқылы лингвомәдени құндылықтарды меңгертуде коллажды аралас тұғыр ретінде қолданудың нәтижелілігі зор деп есептейміз. Коллаж нысананы жан-жағынан тануға (және оның құрамындағыларына) мүмкіндік береді. Коллаж – түрі мен мазмұны жағынан көруге арналған көрнекілік. Ол тілдік құралдармен баяндалған, бір тілдік түсінікпен біріктірілген заттық бейнелеу. Негізгі түсініктің айналасында түрлі мәндегі, түрлі деңгейдегі, косалқы ақпарат болады. Мысалы, мәтіннің тақырыбы, суреттер, фотоматериалдар, сөздер, сөйлемдер т.б. Коллаж онда жасырынған ақпараттың көмегімен негізгі түсінікке қатысты оқушылардың түрлі ассоциациясын тудыруға бағытталған. Негізгі түсінік пен басқа бөлшектер арасындағы байланыс түс, цифрлар т.б. белгіленеді.

Мысалы, «Ұлттық киімдер» деген модульде киім атаулары берілген. Осы тақырыпты өту барысында ұлттық киімдер, бас киім тб ұлттық-салт дәстүрмен байланысты екендігін көрсете отырып ұлттық жоралғылар туралы таным түсінігін қалыптастырамыз.

Шытырма көйлек етінде,

Нұр сәулеті бетінде,

Бұралып кетіп барады. (Қыз Жібек).

Шытырма көйлекті туралы мағлұмат беру, ұлттық көйлектің түрлерін, салт-дәстүрмен байланысты тігілетін көйлектер туралы айту. Коллаж мәтіннің фабуласы, оқиғаның барысы не мазмұндап айтудың негізі болуы мүмкін. Коллажды қолдану вербальді, графикалық және бейнелік көрнекілікті біріктіруге, тақырыпты тереңірек ашуға, шығармашылықты жетілдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, киімге салынатын өрнектер арқылы қазақ халқының ою-өрнек өнері ежелгі замандардан бастау алатынын, қазақ жерін мекен еткен көшпелі тайпалар өнерінің ықпал әсерімен сан ғасырлар бойы қалыптасып өзіне тән белгілі бір жүйеге келгенін меңгерте аламыз. Қазақ тілінде зергерлік бұйымдар төрт негізгі топқа бөлінеді: жануартекес, өсімдіктектес, геометрия, аспан әлемі тектес. Сәндік өнер белгілі бір халықтың көркем сұлулығын, ұлттық белгілерді қабылдайтын мәдениеттің негізгі ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Мысалы, біздің ата-бабаларымыздың киімдеріне түйе, ешкі, тб. жануарлар тектес әшекейлер салған. Бұл қол өнерімен байланысты болса керек. Мысалы: бала киіміне түйенің табаны тектес ою салған, қыздарға арналған киімдерде өсімдік тектес гүлдер, қызғалдақтар, шырмауықтар және геометриялық өрнектер түсірген, ол ою өрнектер жұлдыздай, айдай, гүлдей жайнап жүрсін, өссін, өңсін деген мағанада болса керек. Қошқармүйіз оюы байлық пен молшылықты білдіреді. Гүл, күн, айшық аспан бейбітшілікті білдіреді, бұларды таңбалы ою өрнектер деп те атаған. Осы ою-өрнектерге байланысты коллаждың ерекшелігі әрбір оқушының өзінің ассоциациясын тудырады. Бұл

талдаудың әртүрлі болуына әсер етеді. Вербальдік тұғырлар көп болғанымен олар оқылатын материалдың ерекшеліктері ескеріліп құрылуы қажет. Жоғарыда көрсетілген тұғырлардың барлығы оқушыларға дайын күйінде беріледі. Оларды оқытушылар таңдап алады, не жасайды, сөйтіп оқушылардың бәріне ұсынады. Өмірде бар-заттар мен құбылыстарды көрнекті құрал арқылы көрсету мектепті өмірмен байланыстырады. Демек, теорияны практикамен ұштастыру жөніндегі диалектикалық принципті жүзеге асыруға көмектеседі. Нақты көрнекі материалды сапалы түрде меңгерту үшін қабылданатын зат пен құбылысты дұрыс байқау, (анализ) жасау керек. Дұрыс талдау(анализ) жасау арқылы оқушы көрген затының негізгі бөлшегі мен қосымшасының аталымын жаттау арқылы жаңа сөздерге үйренеді. Көрнекілікті оқу процесінің барлық кезеңінде пайдалануға болады, бірақ оны жиі қолдануға болмайды. Көрнекілікті белгілі тақырып мақсатында пайдаланғанда ғана тиімді болмақ. Тіл дамыту сабақтарында көрнекіліктер образды немесе логикалық мазмұнда таңдалынады. Яғни, суреттер мен түрлі көріністер бойынша сөздік қорларын байытып, әрбір сөздің тілдік ерекшеліктерін меңгереді. Суреттер арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін, ырым-тыйымдары жайында мәліметті қазақ тілінде айтуға дағдыландыра беруге де қолайлы.

Лингвомәдени құндылықтарды контекст арқылы түсіндіру. Кейбір сөздердің мағынасы сөйлем арқылы айқындалады. Бұл мақсат үшін анық және түсінікті контекст қолданылуы қажет, яғни жаңа сөздің мағынасын жақсы түсіну үшін. Жаңа сөздердің сөйлемде, грамматикада қолданылуын түсінуі керек. Әрбір сөз тіркесінің сөйлемде өз мағынасы бар.

Тыңдалым арқылы мәдениет, қазақ халқының ұлттық әлемі туралы мағлұмат береміз. Түсініп тыңдау жұмысы кезінде естіген хабарды қаншалықты түсінгендігі тексеріледі. Онда шағын мәтін немесе сөйлемдер оқылып, тыңдату, мәтінді қайталап тыңдау арқылы екі-үш сөйлемнен мәтіннің мазмұнын айту, сипаттама беру, жаңа сөйлемдер құрастыра білу сынды жұмыстарды жан – жақты жүргізген туста істің нәтижелі болатынына көз жеткізе аламыз. Түсініп тыңдау деңгейде жан-жақты жүргізіліп, естіген хабарды қаншалықты түсінгендігі тексеріледі. Шағын әңгіме, үзінді, мақала мазмұндары оқылып, түсініп тыңдау мәтінді екі рет тыңдау арқылы екі – үш сөйлеммен мәтіннің мазмұнын айту жұмыстары жүргізіледі. Жұмыс барысында сипаттама беру, мәтін бойынша жоспар құру, сұрақ қол білу сынды жұмыстар тіл дамыту жұмыстарына негіз бола алады.

Тыңдаған әңгіме бойынша төмендегідей жұмыс түрлерін орындауға болады:

1. Жазбаша жоспар құру, мәтінге ат қою, сөз тіркестерін жазу. Ауызша мәтіннің қысқаша мазмұнын беру, толық мазмұнын беру. Мысалы, орыс тілді мектептің 7-сыныбына арналған қазақ тілі оқулығында «Сыйлық жасау дәстүрі» туралы мәтін бар. Осы тақырыпқа байланысты мына ұғымдарды меңгертуге болады: «сүйінші», «байғазы», «көрімдік», «кәдесый», «сый табақ», т.б. Ұлттық құндылықтарды насихаттауға болады.

Бүгінгі ұрпақ өзінің ұлттық ерекшеліктерін, өнерін жоғалтпауы қажет. Өнер адамға жақсы әсер ететін және оны тәрбиелейтін нәзік дүние. Оның құндылығы орасан зор.

Қорыта айтқанда, аталған мәдени құндылықтарды қазақ тілі сабағы арқылы оқушылар бойына сіңіріп отыруымыз керек. Ұлттық құндылықтар – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, танымының айнасы.

Ж.АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ

Ж.Аймауытұлының әңгімелерінде өнер тақырыбы да кеңінен тілге тиек етілген. Сондай әңгімелерінің бірі - «Әнші», атақты әнші Әміре Қашаубаевтың өмірі мен өнеріне арналады. «Әнші» әңгімесі мектеп бағдарламасы бойынша 7- сыныпта берілген. Осы әңгіме бойынша сабақ үлгісін ұсынамыз.

«Ақтамақ хикаясы»

(Жүсіпбек Аймауытұлының «Әнші» әңгімесі бойынша)

Сабақтың білімдік мақсаты:

- 1) Әңгіменің тақырыбымен жазушының идеялық мұратын мәтінге сүйене отырып ашу;
- 2) Әнші бейнесін тереңірек талдап ашу;
- 3) Жазушы идеясының өміршендігіне көз жеткізу.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты:

- 1) Оқушыларды өнер құдіретін сезінуге тәрбиелеу;
- 2) Ұлттық құндылығымыз бен намысымызды қорғай білуге үйрету;
- 3) Ұлтжандылыққа, өз еліне деген сүйіспеншілікке баулу.

Сабақтың дамытушылық мақсаты:

- 1) «Әдебиет пен өнер егіз» деген ұғымды ашу;
- 2) Жеке және топтық жұмыста шапшандылыққа баулу;
- 3) Өз ойын еркін жеткізе білуге, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға дағдыландыру.

Сабақтың әдісі:

Сөзбен түсіндіру, талдау, өзара талқылау, ізденушілік.

Сабақтың түрі:

Жаңа тақырыпты өздігінен игерту.

Сабақтың көрнекілігі:

Концептуалдық кесте, тапсырма парақтары, түсіндірме күнделігі, жинақтау плакаты «Әміре - ән асқары» альбомы, «Әміре жайлы лебіздер» жинақ кітапшасы.

Пайдаланылған әдебиет:

«Портреттер», «Замана бұлбұлдары», «Ән асқары - Әміре».

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушылармен сәлемдесу
2. Оқушыларды топқа бөлу: I топ «Болашақ», II топ «Ұлан», III «Өнерпаз».

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. «Әнші» әңгімесінің жалпы мазмұнын «Зымыран сұрақтар» әдісімен сұраймын. Барлығы 15 сұрақ. Сұрақ тез оқылады, жауап та тез, қысқа әрі түсінікті болуы керек.

- 1 Жүсіпбек Аймауытов кім?
- 2 Әңгімедегі әнші есімі?
- 3 Жазылған жылы.
- 4 Әмірханның өмірдегі бейнесі кім? (прототипі)
- 5 Автор әншімен қайда кездесті?
- 6 Әнші ән айтуды кімнен үйренді?
- 7 Әмірхан қандай әнші?
- 8 Әмірханның тұрмыс – тіршілігі қандай?
- 9 Әңгімедегі кейіпкерлерді ата?
- 10 Жастар не ұйымдастырды? т.б.


Оқушылар сұрақтарға жақсы жауап берді.

2. Кейіпкер бейнесін талдау.

Оқушылар әңгімедегі басты тұлға Әмірқан бейнесін концептуалдық кестеге талдады.

Әр топқа тапсырма қағаздары таратылады: I топ – мінезі; II топ – қарым – қатынасы; III топ – кәсібі. Кестеге орналастыру.

Әр топтан бір оқушы орындады.



III. Үй тапсырмасын қортындылау.

Талдау барысында әншінің жан – жақты қыры ашылды.

Әншінің бұл қырлары алғашқы әңгімеде анықталса, біз үшін белгісіз бір қыры – сезімталдығы мен сыршылдығы.

Әмірқанның осы қырын ашатын жүрек түкпіріндегі мөлтек сыры іспеттес хикаясы бүгінгі жаңа сабақтың тақырыбы, негізгі өзегі екендігінде тоқтала отырып, жаңа сабаққа көшемін.

IV. Жаңа сабаққа көшу.

Ақтамақ хикаясы.

Мұғалімнің сөзі. Оқушылар! Біз өткен сабақта «Әнші» әңгімесі арқылы қазақтың атақты әншісі Әміре Қашаубаевтың өмірі мен өнері жайында білдік. Талантты жазушы Жүсіпбек Аймауытов әнші Әмірқан бейнесі арқылы қазақ ән өнерін, ұлттық мәдениетімізді қалың орманға паш етті. Бүгінгі жаңа сабақта біздер әнші бейнесін тереңірек ашуға бар ынта – жігерімізбен жұмыс істейміз.

1. Топпен жұмыс

Әр топқа тапсырма жазылған парақтар таратылады. Әрбір мәтінді /50 – 52 - беттер/ абзацтарға бөліп, оны оқиды, мазмұндайды, тақырып қояды.

I топ

- 1) Әңгімедегі ой бөлігі /4 – 5 абзац 50 – бет/.
- 2) Ой бөлігінді оқы.
- 3) Түсінгенінді мазмұнда.
- 4) Тақырып қой. «Ақтамақ ару»

II топ

- 1) Әңгімедегі ой бөлігі /2 – 3 – 4 абзац 50 – 51 - бет/.
- 2) Ой бөлігінді оқы.
- 3) Түсінгенінді мазмұнда.
- 4) Тақырып қой. «Қос ғашық»

III топ

- 1) Әңгімедегі ой бөлігі /5 – 7 абзац 51 - бет/.
- 2) Ой бөлігінді оқы.
- 3) Түсінгенінді мазмұнда.
- 4) Тақырып қой. «Жолы болған әнші»

2. Мәтінмен жұмыс

Бұл кезеңде хикаяның тілдік ерекшелігі талданады. Әр топ хикаяның толық мәтінімен жұмыс жүргізеді.

1. Теориялық ұғымдарды еске түсіріп аламыз /Жалқы есім, диалог т.б./.

2. Талдау жұмысын жүргіземіз.

I топ: жалқы есімдерді түр – түріне ажырату.

II топ: диалогтарды тауып, рөлдік оқу.

III топ: Ақтамақ бейнесіне ассоциация құру.

3. Әр топ өз жұмысын тақтаға ілінген плакаттарға орындады.


Үлгісі:
I топ

Жер, су аттары	Адам есімдері	Тау аттары
Ормамбет Жетішатыр	Ақтамақ Әмірқан Иманжүсіп Балуан Шолақ Мәди Дәулетжан	Орда Тижатпас

II топ
Мәтіндегі 4 диалогты тауып, рөлге бөліп оқыды.

- 1) Ақтамақ пен әнші
- 2) Автор мен әнші
- 3) Ұрылар мен әнші
- 4) Әнші мен автор

III топ



3. Ұжымдық жұмыс

Хикаяттағы мағынасы түсініксіздеу сөздерді тауып, түсіндірме күнделігіне орындайды. Бұл тапсырма «Сөз төркінін тану» мақсатында жүргізіледі.

Түсіндірме күнделігі

Мәтіндегі сөз	Оқушы түсінігі
Жөпшенді	Анау – мынау, жай
Орамал тастады	Ұлттық ойын
Жанторсық	Қымыз құятын ыдыс
Таң асып тұрған	Бабына келген
Жаңына қош айтысу	Өмірмен қоштасу
қоржынбасы	Екі басты қоржын

Сұхбаттасу сәті.

Оқушыларға төмендегі сұрақтарды қойып, сұхбаттасу жүргіземіз.

1. Жазушының әңгіме жазудағы түпкі ойы не?

Жауабы: Ұлттық өнерімізді дәріптеу, ұлы тұлғалардың ерлік ісі мәңгілік жәдігер екендігін байқатып, оқушыларды өнерді құрметтеуге шақыру.

2. Хикаядан қандай әсер алдыңдар?

Жауабы: Хикая өте әсерлі әрі қызықты.

3. Болжам жаса және дәлелде?

Оқушылар өз болжамдарын айтты:

1. Ақтамақ әке әмірімен басқаға тұрмысқа шығуы мүмкін.

2. Әншіні кедейсініп менсінбей кетеді.

3. Әншінің басы бос болмауы да ғажап емес.

4. Ақтамақ ажал құшқан.

Болжам айтып болған соң оған дәлелдер келтірді.

1. Ақтамақ – байдың қызы.

2. Әмірхан - өте кедей жігіт.

3. Әмірхан – сері, оған қыздардың көпшілігі ынтық.

4. Әншінің көз жасы. Егенр Ақтамақ тірі болса, Әмірхан күйзеліп жыламас еді.

Ү. Үй тапсырмасы: «Егер мен жазушы болсам» (хикаяны өз ойымен аяқтап, жазып келу)

ҮІ. Тақырып бекіту кезеңі.

1. Жүсіпбек Аймауытұлы – қазақтың ән өнерін жоғары бағалай білетін талғампаз жан. Ол әнді сүйіп өсті, өзі де ән айтудан әсте жалыққан емес. Сондықтан да ән мен әнші тақырыбы – жазушы шығармашылығының өзегі. «Әнші» әңгімесі жазушы ұлылығының айғағы десек те болады.

2. Әміре Қашаубаев - ән асқары, қазақ өнерінің жарық жұлдызы, ұлттық мақтанышымыз. «Бұратана» саналған қазақ халқының бай өнері мен жоғарғы мәдениетін барша халыққа паш етті. Франция секілді өркениетті елге өнеріміздің құдіреттілігін мойындатты. Сол үшін де қазақ халқы Әміре сынды ұлы тұлғасын ешқашан ұмытпайды.

ҮІІ. Түйін жасау.

1. «Әміре - ән асқары» альбомымен таныстыру.

2. «Әміре жайлы лебіздер» жинақ кітапшасымен жұмыс.

Р. Роллан, А. В. Затаевич, А. В. Луначарский, А. Барбюс, Ғ. Мүсірепов сөздерімен таныстырамыз.

3. Жинақтау плакатын толтыру.

Тақтаға қазақтың кең даласы мен сұлу табиғаты бейнеленген плакат ілінеді. Плакатқа бес жұлдызды орналастырдым, әр жұлдызда Әміре бейнесін айқындайтын «Дала бұлбұлы», «Ғажайып әнші», «Ұлт мақтанышы», «Дара тұлға», «Алтын мұра» секілді эпитет сөздер жазылған. Осы сөздер арқылы әңгіме түйінін ашып, сабақты аяқтаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
- 2.Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным №4. 2001 ж. Б.39-43
- 3.Омарова Р.А., Кенжетаева Г.К., Демесінова Г.Х., МағзұмовХ.Б. Мәдениетаралық коммуникация бойынша практикум. Павлодар, 2007. - 158 б.
- 4.Садохин А.П. Межкультурная коммуникация: Учебное пособие. М.: Альфа-М; ИНФА-М, 2004, с. 73-75
- 5.Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998,304 б.
- 6.Ахметжанова З. К., Оналбаева А. Т., Умирзакова З. А. Культура в зеркале языка: Монография. – Алматы: Изд-во Елтаным, 2014. 480
7. Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа бағыттар. – Алматы, 2011
- 8.Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы, 1993, 130 б.

IV ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ, ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМДЫ ҮЙРЕТУ ТӘЖІРИБЕСІ

ЛЕКСИКАНЫ МЕНГЕРТУ – ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ

Н.Ж.Дәулеткереева

НЗМ ДББҰ филиалы «Білім беру бағдарламалары орталығы», «Лингвистикалық бағыттағы пәндер» бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты

Оқыту тілі қазақ тілінде емес аудиторияда қазақ тілін үйретіп, дәріс беретін оқытушылар, мұғалімдер бүгінде грамма-аударма тәсілдемесінен бас тартып, жаңа ізденіс бағытына бет бұрды. Коммуникативтік тәсілдемеге (подход) қоса, сөздік қорды меңгерту, тапсырмаға негіздеп оқыту, ТТТ(тест-оқыту-тест), РРР (презентация-жаттығу-продукт), ТВL (тапсырмаға негіздеп оқыту) т.б. оқыту тәсілдемелерін қолдану алдыңғы орынға шықты. Осы аталғандардың арасында лексиканы меңгерту ең маңызды басқыш болып табылады. Лексикалық қорды терең игерген тіл үйренуші сөйлеу әрекетінің төрт түрін жетік меңгеріп, коммуникацияға еркін түсе алатын дәрежеге көтеріледі. Дүниежүзіне танымал Jeremy Harmer, Susan Ragsdale and Ann Saylor, Marry Sprat сынды әдіскер ғалымдар өз еңбектерінде лексиканы меңгертудің маңыздылығын және оны тиімді үйретудің жолдарын ұсынады, танысқан жаңа сөздің тіл үйренуші санасында жатталып қалуы үшін қандай амал-әдістердің оқытушы үшін жарамды болатындығын түрлі мысалдармен дәйектеп көрсетеді. Marry Sprat бастаған бір топ ғалымдар «The TKT course» еңбегінде лексиканы меңгертудің маңыздылығын былайша түсіндіреді: «...сөздің бастапқы формасын тану және оны түсіну сол сөздің барлық мағыналық қолданысын түсінуге, сөзді тану оның қандай сөз табына жататынын айыра білуге және қандай грамматикалық қызметті атқарып тұрғанын ажыратуға, ол сөзді жазып, дұрыс айтуға алып келеді». Сондай-ақ, еңбекте тілді екінші тіл ретінде меңгерту үшін ең алдымен сөздік қордың дұрыс әрі жүйелі өсу тәртібімен меңгерілуіне ерекше мән беру қажеттігі аталады.

Атақты әдіскер маман Joe Barcroft пікірінше лексиканы меңгеру – тіл үйренушінің жазылымының түсініктілігін, мазмұнның жүйелі баяндалуын, ойдың сәтті жеткізілуін және оқылымның қиындықсыз жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Осы пікірден-ақ сөйлеу әрекетінің төрт түріне де (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) тіліміздің лексикалық қабаты арқау болатынын аңғарамыз. Тындаушылардың рецептивті оқыту дағдыларын қалыптастыру барысында ұсынылған мәтін арқылы жаңа лексиканың қолданыстық үлгісі көрнекі таныстырылады, ал тіл үйренушілердің продуктивті оқыту дағдыларын қалыптастыру және дамыту мақсаты көзделген жағдайда нақты белгіленген лексикаларды тіл үйренушінің

коммуникацияға түсу барысында қолданып көруі, жаттығуы, дағдылануы жүзеге асырылады. Тіпті грамматикалық білімнің өзі екінші тілді меңгеретін аудиторияда лексикалық қордың көлеміне тәуелді болып келеді.

Қазіргі уақытта өзінің әдістемелік еңбектерімен кеңінен танымал болған Scott Thornbury сөздік қорды меңгертудің маңыздылығын былайша тарқатып береді: «Сөз мағынасын түсіндіру біздің білуімізше оқыту өнерінің ең маңызды құрамдас бөлігі. Тіл үйренуші сөздің шынайы қолданысымен таныс болуды көксейді». Бұл пікірден жаңа сөздерді меңгертудің ең дұрыс амалы мәтінді оқу мен аудиожазбаларды тыңдау екенін айқын аңғара аламыз.

Scott Thornbury өз зерттеулеріне сүйеніп екінші тілді меңгеру үшін тіл үйренушінің өмірлік қажеттілігін өтеу үшін шамамен 5000-дай сөз қажет болатынын атайды. Бұл ана тілімізде меңгерген сөздік қорымыздың төрттен бір ғана бөлігі болып келеді. Оған қоса бұл аталған меженің 2000-ы пассив сөздер болып келетіні анықталған. Осы тұста айта кететін жайт, сөздік қорды игертуде тілді үйренушінің қажеттілігін, қызығушылығын, бейінін басты назарда ұстаған жөн (кәсібі, жынысы, жасы, әлеуметтік жағдайы, мәдени ортасы т.б.).

Тілші ғалымдардың зерттеулері бойынша (Thornbury, Harmer) тілді меңгеруге *қысқа мерзімді жады* (уақытша телефон нөмірін жаттау, емтиханға әзірлену т.б.) мен *ұзақ мерзімді жады* бірдей қатысады. Алайда екінші тілді тиісті дәрежеде меңгеру үшін, атап айтқанда, сөздік қорды күнделікті тұрмыста еркін қолдану үшін соңғы аталғанының маңызы өте зор. Ғалымдардың жасаған тұжырымдарына сай сөздік қордың санада ұзақ сақталуына не мәңгі тұрақтауына қайталау сеп болады. Мәселен оқулық қосбетінде меңгерілуге тиіс деп жоспарланған жаңа сөздер (шамамен 8 сөз) әр тапсырмада қамтылып, тілді үйренушінің алдынан қайталап ұшыраса беруі қажет. Бұл бір сабақ көлемінде тыңдаушыға берілетін білім мазмұнына қатысты меже. Ал тілді үйреніп жүрген тыңдаушыға берілетін тілдік білімнің бірнеше сабақтар арасында өзара байланыста болып, жүйелі берілуі оқытушы әдістемесінің озықтығын көрсетеді. Мәселен, еліміздің жалпы білім беретін мектептері мен Назарбаев Зияткерлік мектептері үшін «Лексика-грамматикалық минимум» жасақталып, қолданысқа ұсынылды. Бұл бастама оқыту тілі қазақ тілінде емес мектептердегі білім сапасын көтеруге зор ықпалын тигізуде және әдістемелік тұрғыда жасалған шешуші қадам, алға басу болды. Мұғалімдер тұтас бөлімді жоспарлауда лексика-грамматикалық тізімді басшылыққа алып, әр сабақта жоспарлы түрде меңгертілуін жүзеге асырады. Алғашқы сабақта үйретілген сөздік қордың бірнеше сабақ көлемінде қайталап ұшырасуын (спираль тектес бағытта), тіл үйренуші санасында аңғарусыз жатталып қалуын қамтамасыз етеді. Демек, ұзақ

мерзімді жадыны іске қосады. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін тестілеу тапсырмаларын орындату арқылы да тыңдаушының санасындағы білім мазмұнын жаңғыртуға болады, білім тексеру аралығы біртіндеп алшақтатыла береді. Бұл да қайталаудың сөздік қорды игеруге қосатын үлесін дәйектейді. Дәл осы үрдіс жаппай қазақ тілін оқытатын (кез келген тіл екінші тіл ретінде оқытылған жағдайда) курстарда басшылыққа алынғаны абзал.

Сабақ барысында мәтінді оқытудың басты мақсаты - тыңдаушыға жаңа білімді игету (language input). Атап айтқанда, сөздік қорды дамыту мен грамматикалық білімді меңгеру болып табылады. Оқылым не тыңдалым мәтінін ұсынуда оқытушы тыңдаушылардың назарын тілдік қолданыстарға мақсатты түрде аударып отырады. Әлбетте, бұл әрекет жай мақсат қоюмен немесе нұсқау берумен шектеліп қалмайды. Оқытушы мұны өз тыңдаушыларына нақты тапсырма беру арқылы жүзеге асырады (мысалы, сөздерді түсіндірмесімен сәйкестендір, берілген сөздердің синонимін мәтіннен тап, мәтінде дәрігерге қаралып, көмек сұрайтын адамды қалай атаған т.б.) және оларды ұсынылған жаңа сөздердің нақты қолданыстық үлгілерімен таныстырады. **Тілдің қолданыстық үлгісін көрсету** де жаңа лексиканың ұзақ мерзімді жадыдан орын алуына зор ықпалын тигізеді. Осы орайда берілетін білімнің (жаңа сөздердің) **когнитивтік тереңдігін** де қоса қамту қажеттігін ұмыт қалдырмаған жөн. Белгілі бір жағдаятқа сай тілді таңдап қолдана білу тыңдаушының білімді қаншалықты игергенін, сөз когнициясын түсінгенін дәлелдеп береді.

Тыңдаушының жекелік ерекшелігін ескерудің маңыздылығын Scott Thornbury де қостайды. **Қызығушылықты, қажеттілікті, психологиялық ерекшелікті, жас шамасы мен жынысына, әлеуметтік жағдайына** сай келетін сөздік қорды тыңдаушыға ұсыну нәтижелі әрі өнімді болары сөзсіз. Мәселен, тыңдаушыға сүйікті музыка жанрынан болып келетін әнді тыңдап, тапсырма орындауды ұсыну арқылы мақсатты оқыту әрекетін (лексикалық қорды байыту) жүзеге асыра аламыз (Scott Thornbury, 236).

Silvia Ashton-Warner есімді ғалым өзінің «кілт сөздер» әдісінің сөздік қорды дамытуға зор көмегі болатынын жазады. Оған өзінің 1960 жылдары Жаңа Зеландиядағы бастауыш сынып оқушыларын оқыту тәжірибесін жүргізуі арқылы көз жеткізеді. Ол оқушыларының өздеріне ұнайтын сөздерін таңдап үйренуіне ерік береді. Оқушылар анам, әкем, қорқамын, сүйемін, пері т.б. сынды сөздерді тез үйреніп алады. Бұл ғалымның меңзейтіні де тыңдаушыға қажет, өзіне тікелей қатысы бар сөздер өнімді меңгерілетіні. Тіл үйренушіге таныс емес мәдениет, оның күнделікті өмірінде кездеспейтін тағам түрлерін үйрету көп жағдайда қысқа мерзімді жадының еншісіне тиіп

жатады. Осы себепті ескеріп жиі қолданыста болмайтын сөздерді жоғарғы деңгейлі топтарға берудің орынды болатынын түсінеміз.

Сабақ барысында меңгертілуі тиіс сөздер қатарын оқытушының қатаң қадағалап, қабылдауға қиын болатын сөздердің үлесі аз болуын қамтамасыз етуі қажет. Тіл үйренуші үшін айтылуы қиын сөз (бес буынды сөз), жазылуы мен айтылуында айтарлықтай алшақтығы бар сөздер, грамматикалық тұлғасы күрделі сөздер тым аз көлемде берілуі шарт. Осы орайда J. Harmer жаңа сөздерді таныстыру және оны қолданып үйренуге жетелейтін келесідей маңызды тәжірибені ұсынады.

Жаңа сөзді таныстыру және жаттықтыру. Ең алдымен, тіл үйренушіге меңгерілетін жаңа сөзді таныстыру үшін 5 қадамды орындау қажет. Оқытушы алдымен тыңдаушыларға сөз мағынасын сурет көрсету немесе түсіндірмесін беру арқылы жасырады. Мұндағы мақсат топ ішіндегі тыңдаушылардың біріне оқытушының атаған не суретпен жасырған сөзі таныс болуы ықтимал. Мұндай жағдайда тыңдаушыға аудиторияға қарап сөз мағынасын түсіндіру тапсырылады. Кейде оқытушыдан гөрі әріптес не көршілес отырған адам сөз мағынасын өзгелерге түсінікті түрде жеткізуі мүмкін. Екінші қадам, аудиторияда таныстырылып отырған сөзді білетін тыңдаушы болмаған жағдайда олар болжап, тұспалдап айтуы мүмкін не оқытушы өзі сөз мағынасын жеңіл тілмен жеткізеді. Келесі қадамда оқытушы тыңдаушыларға сөздің дұрыс айтылу үлгісін көрсетеді және топтық, жұптық, жеке жаттығу жұмысын жүргізеді. Төртінші қадамда оқушылар сөзбен сөз тіркесін не сөйлем құрап ауызша жаттығады. Бесінші қадам кезінде мұғалім оқушыларға сөздің дұрыс жазылуын көрсетеді. Сөз табына ажыратып көрсетеді (жаттығу жасау үшін сабақта өтетін барлық сөздер емес, айтылуы қиын сөздер таңдалады).

Сөздерді дұрыс айтуға жаттықтырудың келесідей жанама үлгілері де болады. Бұл жағдайда тыңдаушылар сөздерді айтып жаттығып жатырғанын өздері аңғармайды. Мысалы, оқытушы тақтаға бірнеше сөздердің суреттерін іледі. Осы суреттерді қолданып, орындары ауысқан суреттерді атап бер, қатардан түсіп қалған сөзді тап және ата, суреттерді ретімен қой сынды тапсырмаларды беруге болады және бұл тапсырмаларды жұпта, топта ұйымдастырудың да тиімділігі бар. Ұйымдастырудың мұндай түрінде тыңдаушылар кіші топтарда алдымен жаттығып алып (оқытушы тыңдаушыларды сырттай бақылап, қажет кезде қолдау көрсетіп отырады), алдағы уақытта көпшілік алдында ұялмай сөйлеуге, өзінің сөзді дұрыс қолданатынына сенімді болады.


Осы тұста нақты тапсырмалардың үлгілерін ұсына кетелік. Алдымен оқытушы жаңа сөздерді таныстырады, дұрыс айтылуын үйретеді,

жаттықтырады. Одан соң топ ішінен ерікті таңдалып, робот рөлін атқарады. Тыңдаушылар өз роботтарына нұсқау береді. Осылайша тыңдаушылар сөздерді қолдануға үйренеді және дұрыс айтуға жанама жаттығады.



(From Language Links by A Doff and C Jones (Cambridge University Press))

Берілетін нұсқау сабақ мақсатына не тыңдаушылардың деңгейіне сай таңдалады, тіпті грамматикалық білімді қоса пысықтау қызметін қатар атқара алады. Мәселен, терезеге бар, үстелге бар, есікке жақында т.б. Дәл осы тапсырманы біртіндеп тереңдету арқылы алған білімді қолдануға оқытушының жетелеуіне болады. Оқытушы өз тыңдаушыларына фитнес жаттығуын орындату үшін нұсқау жазуларын тапсырады. Тыңдаушыларға қажетті тіл құралдары (қажетті сөздер не ережелер) міндетті түрде беріліп қояды. Мысалы:



Сөздік қорды молайтуға қызмет ететін лексикалық тапсырмалар тек жалаң сөздерден тұрмайды. Мәселен, *келісу* не *келіспеу*, *өз жауабына сенімсіз болу* мағынасындағы сөз тіркестерін, клишелерін қолдануға үйрету мысалын келтіре аламыз. Оқытушы өз тыңдаушыларына: *әрине қалаймын/ «ия» дер едім/ алайда.../әлбетте жоқ/ жоқ, рахмет/ керемет болар еді/ ия, болады/ неге болмайды екен/ бастаңыз/ бұйырыңыз/ тамаша ой айттыңыз* сынды фразаларды үш бағанға жинақтауды ұсынады. Кейін осы сөздерді қолданып диалог құрастыруды тапсырады. Одан әрі диалогты аудиторияның алдында сахналауды өтінеді. Ал сабақ соңында кері байланыс орнатып, алған білімдерін бекітеді (Дж.Хармер, 230б.).

Жаңа сөзді тез жаттатудың келесі бір үлгісі – **елестету не ассоциация** тудыру. Бұл әдіс бойынша тілді үйренуші сөз мағынасын өз ана тілінде бар атаулармен салыстыра, ұқсастыра отырып жаттап алуға тырысады. (Мәселен, «тарак» сөзінің өзін «тарақан» атауымен ұқсастып жаттау. Студент тарақтың

тістері болғанын аяқтары көп тарақанмен салыстырып, елестете отырып жаттайды).

Сөз жаттауға жоғарыда атап өткендей суретті карточкалармен жұмыс, *Күезенейер таяқшасы* немесе түрлі түсті доптармен жұмыс, сөздіктен іздеу, қысқа мәтіндер оқу, экстенсивті және экстенсивті оқылым ұсыну, интерактивті ойындар т.б. көмектеседі. Сонымен қатар, сөздік қорды қалыптастыруға тікелей әсер ететін **ресурстар** екенін ерекше атап өткіміз келеді. Оларға *тізімдер, оқулықтар, кітаптар, сөздіктер, оқытушы не мұғалім, аудиториядағы өзге тыңдаушылар* жатады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін бірегеріне тоқталып өтелік.

Тіл үйрету сабақтарында студент не тыңдаушы үшін сөздер тізімі ресурс көзі ретінде танылады және оған келесідей тапсырмаларды ұйымдастыру мысал бола алады.

- *Оқытушы тізімдегі сөздерді тәртібінен тыс ретпен оқиды. Тіл үйренушілер естігендері бойынша әріппен белгіленген суреттерді белгілеп отырады.*
- *«Бинго» ойыны әдісімен оқытушы әр студентке арнайы ұсынылған 20 сөзден 15 сөзді таңдап жазып алуларын және олардың ана тіліндегі нұсқасын ретсіз атауларын сұрайды. 15 сөзді түгел бірінші болып белгілеген студент жеңімпаз болады (бұл жұмыс түрін суретпен ұсынылған карта түрінде де қолдануға болады). Бұл тапсырма ең төменгі деңгейлі топтар үшін оңтайлы.*
- *Оқытушы тыңдаушылардан бір сабақ бойындағы жаңа сөздерінің тізімін жасауды сұрайды. Сабақ соңында немесе келесі сабақта жұп болып бір-бірін тексеруді, талқылауды өтінеді.*
- *Тізімдегі сыйлықтарды кімдерге сыйлар едіңіз? (Сыйлықтар тізімі мен есімдерді жазыңыз) т.б.*

Оқытушының немесе топтағы өзге студенттердің де ресурс көзі ретінде танылуы заңды. Оқытушы өз тобындағы тыңдаушыларға лайықты тілді қолданады, оларға күнделікті сабақ мазмұнынан өзге өтініш-тілектер білдіріп отырады. Тыңдаушы күнделікті оқытушы әрекетін бақылау арқылы немесе оның нақты үлгі, модель болуынан да өзіне қажетті білім қорын ала алады.

Лексиканы меңгерту оқытушыдан зор шығармашылық пен қырағылықты талап етеді. Сабақта тыңдаушының пәнге деген қызығушылығын арттыратын, мақсатты лексикалық тапсырмаларды орындау кезінде оның бейсаналы жатталып қалуын шебер ұйымдастыра алатын ұстаздың ғана шәкірттері үздік білім көрсеткішіне ие бола алады. Қорыта келе, лексикалық қор қалыптастырудың және оның тіл үйренуші санасында орнығуын қамтамасыз ету үшін жүйелі әрі жеңілден ауырға принципі бағдарға алу аса маңызды. Сонымен қатар, тілді меңгертудің грамм-аударма тәсілінен бас тартып, коммуникативтік тәсілдемеге бет бұрудың маңызы зор. Осы орайда әлемдік тәжірибелердің озық үлгілерін саралап, тәжірибе алмасу кеңістігіне енуді дәстүрге айналдыру кезек

күттірмейтін мәселе. Мемлекетіміздегі қазақ тілінің мәртебесін көтеруде әдіскер ғалымдар мен жас практик мамандардың еңбегі ерен, алғысы көп болсын.

Грамматиканы меңгерту бүгінге дейін құр ережені жаттаумен және сөйлем деңгейіндегі талдау жасаумен шектелетін. Ал тілді функционалдық деңгейде үйрету талабы суырылып алға шыққаннан кейін грамматиканы меңгерту әдістемесі де жаңа сатыға көтерілді. Қазіргі талап бойынша грамматиканы тек сөйлем деңгейінде қалдырмай, тілдік коммуникация дәрежесінде меңгерту басты бағдарға алынды. Грамматикалық білім мәтін көлемінде меңгертіліп, оның қолданыстық үлгісін қатар көрсету басты назарда. Осылайша, грамматика құрылымдық лингвистика аясынан шығып, антропоцентристік бағытта зерттеу нысанына алына бастады. Ол енді жай ғана морфологияның объектісі емес, сонымен қатар, лингвистиканың өзге де бағыттарымен астасатын кең ауқымды салаға айналды. Мәселен, сұрақ қою немесе өтініш айтуға тіл үйренушіні үйретер болсақ, ол үшін шағын диалог ұсынып, грамматикалық қолданыс қызметін сәтті түсіндіреміз. Ал осыған дейінгі грамма-аударма тәсілін қолдану кезінде біз сұраулы сөйлем тақырыбын алып, сұрау мағынасындағы әртүрлі сөйлемдерді құрастырумен немесе аударумен айналысатынбыз. Жекелеген сөйлемдерді құрастыру немесе аудару өмір тәжірибесі көрсеткендей өнімді нәтиже бермеді.

Грамматикалық білімді қолданыстық деңгейде үйрету мақсатының алға қойылуы арқасында оқытушылар грамматикалық білімнің қандай ретпен үйретілуі керектігі туралы ойланатын болды. Әлбетте, қазақ тілін екінші тіл ретінде үйрету күні бүгінгідей сұраныста болмауына орай, осы тұрғыда зерттеулер болмағаны баршаға аян. Мәселен, А1 деңгейінде білім алып жатырған тіл үйренуші үшін грамматикалық білім қоры қандай және ол қандай ретпен меңгертілуі тиіс деген сауал көптеген ұстаздарды алаңдатады. Бұл тұста өздеріңіз ұққандай грамматикалық білім қорының түрлі деңгейге шақталып классификациялануы да кезек күттірмейтін мәселе. Сонымен қатар, грамматиканы ауызекі сөйлеу тіліне және жазба тілге қатыстылығына орай жүйелеу де арнайы зерттеу бағдарына алатын мәселе. Өйткені жазбаша тіл мен ауызша тілдің өзіндік ерекшелігі болуына орай грамматикалық минимум көлемі анықталып, жіктелуі тиіс.

Грамматиканы контекст аясында меңгерту проблемасы тағы бар. Мәселен, туристік саяхат тақырыбында тіл үйренуші сөйлеуі үшін қандай грамматикалық білім қоры қажет? Бұл тұста қолданысқа сұранып тұрған грамматикалық білімді екі түрлі талап бойынша таңдау керек. Бірінші – жиілігі, екіншісі – қадеге жарамдылық коэффициенті. Бұл есептің шынайылығын тексеру үшін шетелдік әріптестер кез келген ақпаратты алып, грамматикалық жиілікті анықтауға тырысқан. Мәселен, ағылшын тілінің екінші тіл ретінде оқытылуына қатысты келесідей грамматикалық білім қорының жиілігі анықталған. Олар:

- артикльдер (заттардың жекеше не көпше тұрғанын);
- сын есім, оның шырайлары;


- модальді етістіктер (can, may, should);
- келер шақты беру формасы (to be going to);
- есімдіктер;
- шақ категориялары (16 шақтың бесеуі ғана) т.б

Жоғарыда аталғандай қазақ тілінің грамматикалық қорын елеп-екшеп, қолданыстық талабына жауап беретіндігіне орай жүйелеу кезек күттірмейтін мәселе. Сондай-ақ, грамматикалық білімнің өзін айтылымға немесе жазылымға сұранып тұруына орай да зерттелуі өзекті мәселе.

1622 жылы Джозеф Веб есімді мектеп мұғалімі және оқулық авторы өз еңбегінде былай деп жазады: «Грамматикалық біліммен ғана шектелген адам ешқашан тілді меңгермейді». Ол кісі грамматиканы сөйлесім арқылы меңгерту дұрыс деп топшылайды. Оған қарсы пікірде болған ғалымдар қатары да өте көп болды. Тек 1970 жылдардан бастап англияда грамматиканы қолданыстық дәрежеде оқытуға бет бұру басталған. Кейін дами келе екінші тілді оқытудың тиімді жолдары реттелген.

Грамматиканы оқытуда ең алдымен тіл үйренушілердің деңгейін ескеру маңызды болып саналады. Осы орайда қазақ тілінің грамматикасын деңгейлерге сай бөлу мақсаты бірінші орынға шығады. Одан әрі грамматиканы қолданыстық деңгейде үйрету, құр ережені ұсынбау мәселесі орын алады. Тіл үйренушілерге білім беруде жекелеген суреттер мен мазмұнды суреттер қолдану тамаша өнімділікті қамтамасыз етуге мұрындық болады. Өлеңдер мен әндерді не ойындарды да грамматиканы меңгерту құралына айналдыру зор табысқа кенелтеді. Мысалы, төмендегі суретті беру арқылы тіл үйренушілерді грамматиканы қолданып сөйлеуге жетелеуге болады. Қызы: Мен сүзбені ұнатамын, бананды ұнатпаймын.

Мұғалім: Ал мен сорпаны ұнатпаймын, бөлкені ұнатамын.



Грамматиканы тілдік контекстінде меңгерту басты назарға алынған. Грамматиканы мәтін көлемінде меңгерту оның қарым-қатынас орнату барысындағы қолданыстық қалпын анық көрсетіп береді. Мәселен, тіл үйренушіге «Шалқан» ертегісін оқытып, ондағы шығыс септігіне назар

аударту арқылы грамматиканы игертуге болады. Тіпті ертегіні оқып, сахналау арқылы немесе оның суреті арқылы (графикалық мәтіні негізінде) ертегіні баяндау тиімді болып табылады.



Грамматиканы меңгертуді жазылым тапсырмасымен де астастыра игертуге болады. Мәселен, тіл үйренушілер осы шақты үйреніп жатқанда оларға үлгі сөйлемі бар мазмұнды сурет ұсынуға болады. Мысалы, Марсель гүлге су құйып жатыр.



Грамматиканы тілдік дағдылармен астастыра меңгертумен қоса тіл үйренушілердің лексикалық білім қорын пайдалана отыру да өте өнімді тактика болмақ.

Қорытып айтар болсақ, грамматикалық білім қоры дәл қазіргі уақытта әдістемелік тұрғыда зерттеу нысаны болуға лайық өте ауқымды және кезегі күттірмейтін маңызды мәселе. Атап айтқанда, тілді оқытудың

коммуникативтік құзыреттілігін қамту мақсатында грамматиканы оқытудың бірізділік жүйесін жасақтау тілші ғалымдардың, әдіскерлердің еншісіне бұйырған зор міндет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Scott Thornbury, «How to teach vocabulary». Pearson Education Limited, 2002.
2. Jeremy Harmer, «The practice of Language Teaching». Pearson Longman, 2008 *4th edition*
3. Marry Sprat, Alan Pulverness, Melanie Williams, Teaching Knowledge Test Course. University of Cambridge
4. Susan Ragsdale and Ann Saylor «Great Group Games». Search institute press, 2007. www.Search-institute.org
5. Joe Barcroft, «Teaching Vocabulary For Acquisition». <https://weteachlang.com/2017/11/17/ep-2-vocabulary-with-joe-barcroft-part-i/>
6. Scott Thornbury, «How to teach grammar». Pearson Education Limited, 2002.
7. Basic English grammar. Betty Schramper Azar, USA Longman, 2006.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
I ТІЛ ҮЙРЕТУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ	
Б.М.Айтбаева	
Тіл үйретуде жасанды интеллектіні тиімді пайдалану жолдары.....	5
А.Т.Хасенова	
Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектіні қолдану.....	16
II ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ	
Н.Ж.Дәулеткереева	
Қазақ тілін үйретушілердің кәсіби құзіреттіліктерін арттыру.....	25
III ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРУДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ	
А.Т.Хасенова	
Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік құзыреттіліктері.....	30
Г.Төкенқызы	
Қазақ тілін оқытуда ұлттық құндылықтар арқылы лингвомәдениеттік құзыреттілікті қалыптастыру.....	37
IV ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ, ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМДЫ ҮЙРЕТУ ТӘЖІРИБЕСІ	
Н.Ж.Дәулеткереева	
Лексиканы меңгерту – тілдік дағдыларды қалыптастырудың негізгі	52